

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мәдениет саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдамаға жауапты орталықтандырылған мемлекеттік және жергілікті органдар мен ұйымдарға (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдың кейінгі 1 мамырдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау және стратегиялау жөніндегі уәкілетті органдарына Тұжырымдаманы іске асыру туралы есепті ұсынып тұрсын, сондай-ақ бірінші басшының қолын қойғызып, оны (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда). интернет-ресурста орналастырып тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. "Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2020 – 2030 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 32 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 28 наурыздағы
№ 250 қаулысымен
бекітілді

1. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының паспорты

2. Ағымдағы жағдайды талдау

3. Халықаралық тәжірибеге шолу

4. Мәдени саясатты дамыту пайымы

5. Мәдени саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

6. Тұжырымдаманың нысаналы индикаторлары мен күтілетін нәтижелері

7. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының паспорты

1. Атауы	Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
2. Әзірлеу негіздемесі	<p>"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Қазақстан халқына жолдауы;</p> <p>Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы "Ұлы даланың жеті қыры" бағдарламалық мақаласы;</p> <p>Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы.</p>
3. Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

4. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, жергілікті атқарушы органдар, республикалық және жергілікті маңызы бар мәдениет және өнер ұйымдары, шығармашылық одақтар мен қауымдастықтар
5. Іске асыру мерзімі	2023 – 2029 жылдар

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазіргі Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық салаларын жаңғырту азаматтық қоғамның жеке әлеуетінің рөлі мен орнын қайта қарастыруға негізделеді. Бұл тұрғыда мәдениеттің азаматтық бірлікті қалыптастыруға қосқан үлесін дамудың ортақ мақсаттарын айқындау және оларға қол жеткізу шарты ретінде асыра бағалау мүмкін емес.

Әділетті Қазақстанның құрылуы адамгершілігі жоғары, жауапты, өз бетінше ойлайтын, шығармашыл тұлғаның құралына айналған жалпыұлттық даму идеологиясының негізінде мүмкін болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі мемлекеттік мәдени саясатының мазмұны азаматтарды тәрбиелеу мен сауаттандырудың кең қоғамдық ортасын құру және дамыту болып табылады. Дәстүрлі адамгершілік құндылықтар, азаматтық жауапкершілік пен патриотизм көп этносты қазақстандық қоғамның тарихи және мәдени мұрасын, әлемдік мәдениетті игеру, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, әлемді эстетикалық қабылдау қабілеттерін дамыту арқылы қалыптасады. Мәдени қызметтің алуан түрлері Қазақстан халқының рухани және материалдық мәдениетінің элементтерін сақтау, зерделеу және таныстыру негізінде тәрбиелеудің, білім берудің, ағартудың тармақталған жүйесіне кіреді.

Тарихи-мәдени мұра

Тарихи-мәдени мұра объектілері елді мәдени коммуникациялардың жаһандық кеңістігіне интеграциялаудың, мәдени-тарихи месседждердің қатаң бәсекелестігі жағдайында мәдени-гуманитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды функцияларын жүзеге асырады.

Олардың туризм объектілері ретіндегі орасан зор ұлттық экономикалық әлеуеті де айқын, соның арқасында елімізді таныту көрсеткіші артып, туристер легін ұлғайту жоспарланып отыр.

Мемлекеттік және азаматтық институттардың өзара іс-қимылы тетіктерін жетілдіру мәселелерінде тарихи-мәдени мұра объектілерін ғылыми зерттеу, зерделеу, жаңғырту, қайта құру және олардың бүгінгіні өткен күнмен сәйкестендіру құралы ретінде сақталуын қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы 25000-нан астам объектіні құрайды, оның 254-і республикалық маңызы бар, 12214 мыңы жергілікті маңызы бар объектілер, 12527-і облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың

тарихи-мәдени мұра объектілерін алдын ала есепке алу тізімдеріне енгізілген. Тарихи-мәдени ескерткіштердің ішіндегі 10 ескерткіш дүниежүзілік мұра ретінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің мәртебесіне ие, олар ескерткіштердің жалпы санының 0,08 %-ын құрайды.

Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасының көрнекті объектілері – "Алтын адам", Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Таңбалы петроглифтер кешені, Отырар, Бозоқ, Ботай, Түркістан сияқты ежелгі қалалары елдің ұлттық мәдени брендін құрайды.

Тарихи-мәдени мұраны қорғау және зерттеу саласындағы қызметтің басты бағыттарының бірі – бірегей тарихи-мәдени ескерткіштерді әлемдік кеңістікте біріктіру. Бүгінгі таңда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізімінде Қазақстан тарапынан үш номинация аясында ұсынылған 10 тарихи-мәдени ескерткіш бар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, "Таңбалы" петроглифтері және "Ұлы Жібек жолы: Чанъань-Тянь-Шань дәлізі": Қаялық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек. Қазіргі уақытта ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілген объектілердің санын көбейту мақсатында жаңа номинациялық құжаттар әзірленуде.

2018 – 2020 жылдар аралығында Қазақстанның киелі объектілері туралы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде 60 бейнеролик әзірленді, жалпыұлттық киелі объектілердің 3D-турлары бар виртуалды карта және өңірлік киелі объектілердің интерактивті картасы жасалып, оларды цифрландыру жүзеге асырылды.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында республикалық қорық-музейлері маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда олардың желісі 12 бірлікті құрайды.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде "Таңбалы", "Отырар", "Ұлытау" қорық-музейлерінің визит орталықтарын салу және оларды толық музейлендіру жұмысы аяқталды. "Сарайшық", "Ордабасы", "Гаухар-Ана", "Сауран", "Есік" визит орталықтарының құрылысы басталды. Астана қаласының аумағында ашық аспан астындағы "Ежелгі Бозоқ қалашығы" ұлттық археологиялық саябағын құру жөніндегі жобаны жүзеге асыру аясында бүгінгі таңда қалашықтың бекініс қабырғаларын салу және Бозоқ визит-орталығының жобалау жұмыстары жүзеге асырылуда.

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 49 тарихи-мәдени мұра объектісіне ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілді. Мәселен, Түркістан қаласының тарихи бөлігінің 17 объектісі жаңа тарихи келбетке ие болды. Ежелгі Отырардың 10 маңызды объектісі жаңғыртылды.

2020 жылы "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" жаңа редакциядағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілді, оны орындау мақсатында бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Атап айтқанда, археологиялық жұмыстарды, тарихи-мәдени сараптаманы жүргізу, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі жаңа қағидалар, тарих және мәдениет

ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізу жөніндегі баға нормативтері, ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне ұсыну қағидалары енгізілді. Бұл ретте археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жоспарлау институтын енгізу тиімді шаралардың біріне айналды. Бұл норма ескерткішке жұмыстар жүргізу бойынша қосарланған қаржыландырудың, сондай-ақ " кара археологияның" алдын алуға бағытталған.

Қазіргі уақытта тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның әкімшілігі 8 ғылыми жоба бойынша археологиялық жұмыстар жүргізуде, оның ішінде ежелгі Бозоқ қалашығы, Ботай қонысы және еліміздің басқа да өңірлеріндегі тарихи ескерткіштер бар.

Бүгінгі таңда осы жобалар бойынша археологиялық жұмыстар жүргізу нәтижесінде 1500-ден астам артефакт және тарих заттары (алтын, қола, күміс, саз, фарфор, тас және т.б.) табылды, оның ішінде 438 артефакті және тарих заттары қалпына келтіріліп, республикалық музейлерге өткізілді.

Қазақстан тарихын терең зерттеу мақсатында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізудің жаңа орындары бойынша 75-тен астам іздестіру жұмыстары жүргізілді.

Осы жұмыстарды жүргізу барысында 2020 – 2022 жылдар аралығында халықаралық конференциялар материалдарында және ғылыми журналдарда, соның ішінде Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, Ресейлік ғылыми дәйексөз индексінің базасында, Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналдарда 60-тан астам мақала жарияланды.

Жалпы бүгінгі таңда елімізде тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, қорғау, пайдалану мәселелеріне белгілі бір тәсіл және саланы реттеу мен қолдаудың тиімді нормативтік құқықтық базасы қалыптастырылды.

Елімізде 25000-нан астам тарихи-мәдени мұра объектілер бар, олардың көпшілігі ғылыми зерттеу мен археологиялық жұмыстарды қажет етеді. Жыл сайын олардың санының 1%-дан азы ескерткіштерді зерделеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қамтылады.

Қорық-музейлердің қазіргі бар инфрақұрылымы, оның ішінде жұмыс істеп тұрған визит орталықтарының шектеулі жұмысы еліміздегі мәдени туризмді дамытудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейді.

Проблемалық мәселелер

Бүгінгі таңда тарихи-мәдени мұра саласында бірқатар проблемалық мәселелер анықталды: тарих және мәдениет ескерткіштерін ғылыми реставрациялық және археологиялық жұмыстармен жеткіліксіз қамту, қорық-музейлер инфрақұрылымының нашар дамуы, оның ішінде бар визит орталықтарының шектеулі жұмысы.

Тағы бір түйіткілді мәселе – ЮНЕСКО тізіміне енгізілген және енгізілуі жоспарланған объектілер мен элементтерді қаржыландырудың жеткіліксіздігі. Бүгінгі таңда ЮНЕСКО ескерткіштері санының артуына қарамастан, осы міндетті жүзеге

асыру мақсатында көзделген жыл сайынғы сома бірнеше жылдар бойы өзгеріссіз қалып отыр. Сонымен қатар ғалымдар ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ғимаратының жағдайына қауіп төндіретін фактілерді анықтады.

Материалдық емес мәдени мұра

"Тірі мұра" деп те аталатын материалдық емес мәдени мұраға халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беретін әдет-ғұрыптары, түсініктері мен пайымдарының нысандары, білімі мен дағдылары кіреді.

Материалдық емес мәдени мұраның негізгі міндеттерінің бірі – тарихи жадыны бейнелеу. Адамзат, материалдық емес мәдени мұраның әртүрлі объектілерін өз қызмет саласына қоса отырып оларды қазіргі және болашақ мәдениеттің белсенді факторларына айналдырады. Қоғам, сондай-ақ көбіне мәдениет ұйымдары ертедегі мәдени объектілерді іріктеу, сақтау, түсіндіру арқылы материалдық емес мәдени мұраға жататын және әлемдік өркениеттің игілігін құрайтын тарихи жадыны сақтайтын, зерттейтін және насихаттайтын әлеуметтік белсенді қоғамдастықтар мен институттар ретінде белгілі. Бұл ретте шығармашылық күш-жігер жаңа мәдени нысандарды құруға емес, бұрыннан барларын түсіндіруге бағытталған, осылайша олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Әлемдік өркениеттің игілігін құрайтын материалдық емес мәдени мұра элементтері оларды сақтау және танымал ету мақсатында ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізіледі. Бүгінгі таңда бұл тізімде әлемнің 104 елінен 550 элемент бар. Қазақстан осы тізімде 14 элементпен ұсынылған, оның 8-і тек қазақ мәдениетінің бірегей көрінісі болып табылады, ал қалған 6-ы басқа елдермен бірлесіп енгізілген.

2 жаңа элемент: "Ортеке" – қуыршақ би өнері, Қожанасырдың ауызша фольклоры 2022 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілді. Сонымен қатар материалдық емес мәдени мұраның ұлттық тізіміне 47 элемент кіреді және оларды анықтау және есепке алу жұмыстары жалғасуда.

Материалдық емес мәдени мұраға қоғамдық және халықаралық назарды аударудың негізгі нысаны әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар болып табылады.

Материалдық емес мұраны сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың жарқын мысалдары – Қазақстанда өткізілген ЮНЕСКО жанындағы Дәстүрлі музыка жөніндегі халықаралық кеңестің Дүниежүзілік конференциясы мен симпозиумдары. Республикалық деңгейде материалдық емес мәдени мұра элементтерін танымал етуге фестивальдер, қолөнер жәрмеңкелері, конкурстар, слеттер және өзге де іс-шаралар өткізу ықпал етеді.

Мәселен, әлемнің көптеген елдерінде кеңінен танылған және ұлттық мәдени брендті білдіретін ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімінің элементтерінің бірі Наурыз мерекесі болып табылады. Дәстүрлі

құндылықтарды сақтау мақсатында қазақ диаспораларының өкілдерін тарта отырып, Қазақстан елшіліктерінің бастамасымен жыл сайын Францияда, Нидерландыда, Ұлыбританияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа да елдерде Наурыз мерекесі өткізіледі.

Проблемалық мәселелер

Бүгінгі таңда ең алдымен мәдениет саласындағы басқарушылардың, сондай-ақ оны иеленушілердің қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін пайдалану тетіктерін жеткілікті түсінбеуі байқалады бұл мәдени дәстүріміздің дамуын және қазіргі заманғы жағдайларға бейімделуін тежейді. Материалдық емес мәдени мұра мәртебесін қазақ халқының сақталған ежелгі дәстүрі, сондай-ақ ұлтымыздың жақын кезеңдердегі академиялық және көпшілікке арналған музыка, отандық кескіндеме, кинематография және басқа да салалардағы мәдени жетістіктері ретінде анықтау қажет.

Театр және музыка өнері

Театр өнері – синтетикалық, шығармашылықтың ұжымдылығы, көрерменмен тікелей байланыста болу және оның сахналық туындыларды – спектакльдерді басқа өнер түрлерінде теңдесі жоқ бірегей өнімге айналдыратын өзіндік ерекшеліктері бар орындаушылық өнердің бір түрі.

Қазақстанның музыка өнерінің түрлері дәстүрлі, академиялық және бұқаралық музыка сияқты музыкалық-шығармашылық түрлеріне біріктірілген музыкалық-мәдени дәстүрлердің дамыған жүйесін білдіреді. Олардың әрқайсысының мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар басқаратын әртүрлі дәрежеде өзіндік ұйымдық құрылымы мен инфрақұрылымы бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистика деректеріне сәйкес Қазақстанда 65 театр жұмыс істейді, оның 55-і мемлекеттік театр, оның ішінде 11 республикалық және 44 өңірлік: оның ішінде 12 қалалық және 31 облыстық, оның ішінде бағыттар бойынша: 1 опера және балет, 8 қазақ музыкалық-драма, 8 қазақ драма, 9 орыс драма, 3 қазақ және орыс драмалық, 1 өзбек драма театры, 1 сатира театры, 1 музыкалық комедия театры, 1 музыкалық жас көрермен театры, 1 драма және комедия театры, 1 жастар театры, 2 балалар мен жасөспірімдерге арналған театр, 7 қуыршақ театры және 10 жеке театр бар.

3 театр мен 1 концерттік ұйымға "ұлттық" және 9 театрға "академиялық" театр мәртебесін беру театрлардың кәсіби шеберлігін мойындау болып табылады. Елімізде театр өнерінің танымал болуына, шығармашылық алмасу үшін өткізіліп жүрген республикалық және халықаралық театр фестивальдері, практикумдар, шеберлік сыныптары ықпал етуде.

Жыл сайын театр алаңдарында әртүрлі жанрлар мен бағыттағы 16 мың қойылымның көрсетілімдері өткізіледі, сондай-ақ шамамен 350 жаңа қойылым жасалып, шамамен 3 миллионға жуық көрерменге қызмет көрсетіледі.

Мәселен, 2019 жылы 16579 спектакль, оның ішінде 343 жаңа қойылым көрсетіліп, оған 2942 мың адам қатысты. Әлемдік пандемия мәдени өмірдің барлық салаларына тікелей әсер етті. 2020 жылы көрсетілген спектакльдер саны 6381 құрады, бұл алдыңғы кезеңнен 61,5 %-ға аз, оның 266-сы жаңа қойылымдар, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 22,4 %-ға төмен, сәйкесінше келушілер саны 894 мың адамды құрады, бұл 2019 жылғы деңгейден 70 %-ға аз. 2021 жылы Қазақстанда карантиндік шектеулердің аяқталуына байланысты көрсеткіштердің тұрақты өсуі байқалды, отандық театрлар 10817 спектакль көрсетті, бұл алдыңғы кезеңнен 69,5 %-ға артық, оның ішінде жаңа қойылымдар 319, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 19,9 %-ға артық, келушілер саны 1172 мың адамды құрады, бұл өз кезегінде 31,1 %-ға едәуір артқанды көрсетеді.

Қазақстанның музыкалық өнері елде де, одан тыс жерлерде де кеңінен ұсынылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 32 концерттік ұйым, оның ішінде 18 Мемлекеттік филармония табысты жұмыс істеуде.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2019 жылы концерттік ұйымдар 6882 концерт, 2020 жылы – 1947, 2021 жылы 3588 концерт өткізген. Соңғы 3 жылда Қазақстанда 12417-ден астам концерт өткізілді. Республикалық концерттік ұйымдар 2019 жылы – 550, 2020 жылы – 318, 2021 жылы 443 концерт өткізді.

Пандемия жағдайында театр және музыкалық іс-шаралардың жүзеге асырылуы онлайн форматқа ауыстырылды, іс-шаралардың көпшілігі толығымен тоқтатылды. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігі кеңінен қолданылуда. Көрермендердің танымал әртістермен кездесулері, ток-шоулар, шеберлік сыныптары, актерлік шеберлік бойынша оқыту сабақтары тікелей эфирде өткізілді. Мәдениет ұйымдарының ресми сайттарының жұмысы күшейе түсті. 2021 жылы театрлар мен концерттік ұйымдар онлайн форматта 4925 іс-шара өткізді, сайтқа 7376693 адам кірген.

Музыкалық өнерінің жетістіктерінің көрсеткіштері қазақстандық орындаушылардың белгілі халықаралық фестивальдер мен конкурстарға қатысуы болып табылады. Қазақстандық мәдениетті интеграциялау жөніндегі жобалардың бірі "Жаһандық әлемдегі қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет" болып табылады, бұл жас талантты орындаушыларға Ресейдегі "Голос" музыкалық вокалдық телешоуы, "Славянский базар в Витебске" халықаралық өнер фестивалі және басқа да халықаралық деңгейдегі іс-шараларда өз шеберліктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

2019 жылы 4 жас орындаушы мен 1 шығармашылық ұжым халықаралық байқаулар мен фестивальдерде, 2020 жылы 1 халықаралық фестивальға 1 орындаушы, 2021 жылы 10 орындаушы және 2 шығармашылық топ қатысты. 2022 жылы 1 шығармашылық ұжым және 4 орындаушы халықаралық байқауларға қатысты.

Креативті индустрияларды дамыту мақсатында жас және талантты орындаушыларды қолдауға, сондай-ақ қазақстандық мәдени өнімді халықаралық мәдени кеңістікте ілгерілетуге бағытталған шаралар кешені іске асырылуда.

Мәселен, музыкалық өнер саласындағы классикалық түрдегі Қазақстанның ұлттық брендтері ұлттық опера және балет, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі, Нұрғиса Тілендиев және басқалар болып табылады.

Халықаралық мәдени аренада қазіргі Қазақстанның елшісі болып табылатын Димаш Құдайберген, DJ Imanbek, Jah Khalib, Ұлытау, Тұран топтары, сондай-ақ Q-рор өкілдері Қазақстанның заманауи эстрадалық жанрының жарқын өкілдері болып саналады.

Елде бұқаралық музыкалық мәдениеттің дамуымен фонограммаларды қолдану мәселесі өзекті мәселеге айналады. Осы мәселені құқықтық реттеу мақсатында 2020 жылы "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына музыкалық шығармаларды орындау кезінде фонограмманың пайдаланылуы туралы көрерменге хабарлауды көздейтін өзгерістер енгізілді.

Қазақстанда жыл сайын тұрақты негізде түрлі театр фестивальдері өткізіледі, оған мемлекеттік театрлармен қатар жеке театрлар да қатысады.

Опера және балет солистері де беделді халықаралық байқаулар мен фестивальдердің қатысушылары болып табылады. 2019 жылы 26 әртіс осындай іс-шаралардың лауреаттары мен дипломанттары атанды, 2020 жылы – 37, 2021 жылы 25 солист жоғары марапаттарға ие болды.

Ауылдық жерлерде мәдениет саласындағы қызметті шоғырландыратын негізгі объектілер мәдениет үйлері болып табылады. Мәдениет объектілеріне деген қажеттілік Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығымен бекітілген мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтеріне және облыстық республикалық маңызды бар қаланың астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, салалық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарына сәйкес айқындалады.

Осы нормативтерге сәйкес өңірлерде халық санына қарай концерттік ұйымдар, кинотеатрлар, музейлер, театрлар жұмыс істейді. Халқы 1000 адамнан кем ауылдық елді мекендерге жылжымалы мәдени-демалыс кешендері қызмет көрсетеді.

2021 жылы жылжымалы мәдени-демалыс кешендері 700-ден астам ауылдық елді мекен қамтыды.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауылдық жерлерде 1114-ге жуық мәдениет үйі жұмыс істейді. Ауылдық жерлердегі мәдениет үйлері шығармашылық және демалыс ұжымдарының қызметін шоғырландыратын мәдени-демалыс қызметінің орталықтары болып табылады.

Ауылдық жерлерде мәдениет пен өнерді дамыту жөніндегі қызмет облыстық филармониялардың, театр труппаларының және шығармашылық ұжымдардың гастрольдік қойылымдары түрінде жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдардың күшімен жаппай мерекелеу, ұлттық және мемлекеттік мерекелерді мерекелеу өткізіледі.

Орындаушылық және театр өнерінің жаңа түрлерін дамыту мақсатында Астана қаласында 2020 жылы музыкалық жас көрермен театры, Түркістан қаласында – Түркістан музыкалық-драма театры ашылды. 2021 жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының, 2022 жылы Сәбит Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ музыкалық-драма театрының жаңа ғимараттары пайдалануға берілді, республикалық концерттік-гастрольдік қызмет орталығы құрылды, Орал қаласында сахнасы 360 градусқа айналатын мәдениет сарайы ашылды. 2022 жылы "Халық Қазынасы" ұлттық өнер орталығы құрылды.

Жалпы еліміз бойынша 2021 – 2022 жылдары 124 мәдениет объектісі салынып, 476 мәдениет объектісі жөнделді.

Проблемалық мәселелер

Негізгі проблемалық мәселелердің бірі – тиісті инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, кейбір жерде мүлдем болмауы, мәдениет объектілерін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі немесе моральдық тұрғыдан ескіруі. Қазіргі уақытта өңірлерде, әсіресе ауылдық жерлерде мәдениет объектілерінің тапшылығы байқалады. Көптеген мәдениет объектілері тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында бейімделген бөлмелерде орналасқан, бір ғимаратта бірнеше ұйым жұмыс істеуге мәжбүр. Қазақстанның жергілікті атқарушы органдарының деректері бойынша, жалпы алғанда 437 мәдениет объектісі жетіспейді, оның 256-сы мәдениет үйлері. 1000-нан астам мәдениет объектісі күрделі жөндеуді қажет етеді.

Қоғамдық сананы жаңғырту міндетін ескере отырып театр және концерттік ұйымдардың репертуарды қалыптастыру және жаңарту жұмысын баяу жүргізгені байқалады. Еліміздің театр және концерт ұйымдарының репертуарларында шетелдік авторлардың шығармалары бойынша қойылымдар басым, бұл өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуге толық ықпал етпейді.

Қазақстандықтардың орташа айлық номиналды жалақысынан 2 есе төмен жалақы алатын мәдениет және өнер саласы өкілдерінің осал әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жеткілікті әлеуметтік қолдау шараларының болмауы алаңдаушылық туғызады.

Цирк өнері

Қазақстанның цирк өнерін Алматы, Астана және Шымкент қалаларында орналасқан үш ұйым ұсынады. Қарағанды қаласында цирктік бағдарламаларды өткізуге арналған алаң бар.

Қазіргі уақытта елдегі цирктерде шамамен 350 кәсіби цирк әртісі бар.

Бүгінде еліміздегі цирк ұжымдарының қызметі халықаралық аренада кеңінен танымал. Отандық цирк әртістері Ресей, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түркия, Қытай, Түркіменстан, Моңғолия, Грузия, Украина, Беларусь, Қатар, Иран, АҚШ, Жапония, БАӘ, Армения, Мажарстан, Оңтүстік Африка Республикасы, Германия, Голландия, Гонконг, Вьетнам, Тайвань. Сингапур, Камбоджа, Индонезия, Перу,

Эквадор, Оман Корольдігі, Италия, Монте-Карло, Франция елдерінде өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Жүргізіліп жатқан гастрольдік сапарлар екіжақты сипатқа ие, осыған байланысты қазақстандық көрермендер шет елдерден шақырылған топтардың қойылымдарын тамашалай алады.

Соңғы үш жылда Қазақстан цирктерінде 344 іс-шара ұйымдастырылды, оның 275-і цирк ұжымдарының өздері ұйымдастырған қойылымдар, 69-ы цирк аландары базасында бөгде ұйымдар ұйымдастырған қойылымдар. 2019 – 2021 жылдар аралығында цирк қойылымдарын 291 мың адам тамашалады.

Проблемалық мәселелер

Сонымен қатар отандық цирк ұжымдарының шетелде кеңінен танылуын ескере отырып, тиісті үй-жайлар болмағандықтан, еліміздің өңірлерінің тұрғындарын осы жанрмен қамту мүмкіндігі өте төмен. Бұл ретте шет мемлекеттерде шапито цирктердің болуы үлкен үлеске ие, бұл цирк қойылымдарының географиясын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

Елімізде жұмыс істеп тұрған цирктердің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай жаңарту, тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыру қажеттігі байқалады.

Кинематография

2019 жылы елімізде "Кинематография туралы" Заң қабылданды.

Кинематография саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін дербес салалық заңды қабылдау отандық фильмдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халық үшін кинокөрсетілім қызметтерінің қолжетімділігі, кинематографияның ашықтығы мен инвестициялық тартымдылығы, қазақстандық киноның шет елдердегі беделі мен танылуы үшін заңнамалық деңгейде жағдайлар жасау мақсатында қажет болды.

Осы заңды іске асыру аясында 2019 жылы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы құрылды, ол кинематографияны дамытуға бағытталған мемлекеттік қаражатты жалғыз реттеуші және жеке кинокомпанияларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсететін оператор болып табылады. Бұл халықаралық тәжірибе, мұндай ұйымдар барлық жетекші киноөндіруші елдерде жұмыс істейді.

Заң қабылданғанға дейін барлық кинокартиналар, олардың прокатын қоса алғанда, толық көлемде республикалық бюджеттен қаржыландырылды, бұл ретте мемлекеттік қаражатты алушы жалғыз "Қазақфильм" киностудиясы болды, ол бөлінетін қаржыны бөлу бойынша өзіне тән емес функцияларды атқарды. Тиісінше, бұл шығарылатын картиналардың санын, сондай-ақ олардың нарықтағы коммерциялық ілгерілеуін айтарлықтай шектеді.

Бүгінгі қаржыландыру схемасы фильмдерді қаржыландыру көлемі бойынша нақты градацияға ие:

әлеуметтік маңызы бар фильмдер толық көлемде – сметалық құнының 100%-на дейін қаржыландырылады. Бірінші кезекте, бұл – балалар фильмдері, әлеуметтік кино, анимациялық, дебюттік картиналар;

бірлесіп түсірілген фильмдер немесе оларды шетелдік кинокомпаниялармен шығару туралы тиісті келісімдерде көзделген шектегі бірлескен өнім;

көпшілік, коммерциялық фильмдер – инвесторлар мен жеке капиталды тарту шарттарында ішінара 10 %-дан 70 % дейін. Сондай-ақ өтінімдерді қарау кезінде киножобаны іріктеу өлшемшарттарының бірі оның өндіруші тарапынан қаржылық қамтамасыз етілуі болып табылады.

2019 жылы еліміздің киноэкранына 444 фильм шықты, оның 45-і қазақстандық кино, бұл кинотеатрлардың жалпы кинопрокатының 10 %-ы және 399-ы шетелдік кино, бұл жалпы кинопрокаттың 90 %-ын құрады. 2020 жылы 273 фильм шықты, оның ішінде қазақстандық кино 36, бұл кинотеатрлардың жалпы кинопрокатының 13 %-ы және шетелдік кино 237, бұл жалпы кинопрокаттың 87 %-ы. 2021 жылы 354 фильм шықты, оның ішінде қазақстандық кино 31, бұл кинотеатрлардың жалпы кинопрокатының 9 %-ы, шетелдік кино 323, бұл жалпы кинопрокаттың 91 %-ы.

Қазіргі уақытта қабылданған заңның арқасында отандық кинематографистердің көптеген отандық компанияларға фильм шығаруға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетуге ғана емес, сонымен қатар жаңа перспективалы жас кинематографистерді, соның ішінде: режиссерлерді, сценаристерді, продюсерлерді, операторларды, актерлерді, композиторларды анықтауға мүмкіндігі бар.

Бүгінде отандық кинематографияда жас кинематографистердің белсенді қызметі байқалады. 2019 – 2021 жылдар аралығында республикалық бюджет қаражаты есебінен 72 фильм түсірілді, оның ішінде жас кинематографистер 33 киножобаны іске асырды, оның ішінде 23-і ойын, 6-ауы деректі және 4-еуі анимациялық жобалар.

Сонымен қатар 2022 жылы киножобаларды шығаруға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету бойынша олардың іріктеу конкурсына қатысушылар арасында "Дебют" (90 %-ға жуық), "Анимация" (шамамен 85 %). "Әлеуметтік маңызы бар ойын фильмдері" (шамамен 70 %), "Деректі фильмдер, оның ішінде фильм-оқиғалар" (шамамен 65 %) және "Кең аудиторияға арналған ойын фильмі" (80%) секциялары бойынша жастар басым.

2019 – 2021 жылдар аралығында киножобаларды іріктеу бойынша 4 питчинг өткізілді. Сараптама кеңесі 1069 өтінімді қарады (2019 жылы – 109, 2020 жылы – 226, 2021 жылы – 503, 2022 жылы – 231).

Сондай-ақ 2019 жылдан бастап Қазақстанда кинематография саласында субсидиялар беру тәртібі заңнамалық деңгейде көзделген, бұл шетелдік инвесторлар үшін субсидиялар беруді (рибейт) ескере отырып, еліміздің аумағында түсіру үшін ірі

шетелдік кинокомпанияларды тартуға ықпал етеді. Шетелтік заңды тұлғаға субсидия Қазақстанда фильм шығарумен байланысты тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер құнының отыз пайызына дейін өтеу арқылы беріледі.

Қазақстан шетелдік әріптестерді барлық төрт маусым режимінде түсіруді жүзеге асыруға болатын түрлі табиғи ландшафтымен тартады.

2021 жылы Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильмді" жаңғырту басталды, ол 2023 жылы аяқталуы тиіс.

"Қазақфильм" брендіне негізделген қазақстандық кинематографияның отандық киноөнімді халықаралық деңгейге көтеру үшін әлеуеті зор. Отандық фильмдер халықаралық фестивальдерде (Канн кинофестивалі, Берлин кинофестивалі және басқалары) танымал бола бастады.

"Қазақфильм" киностудиясында 2022 жылы "Қазақанимация" шығармашылық бірлестігі құрылды, оның мақсаттары отандық анимациялық саланы жаңғырту және анимациялық фильмдердің сапасы мен ұлттық нақыштағы мазмұны бойынша халықаралық деңгейге шығу жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ қысқа метражды және толық метражды анимациялық фильмдер шығаруды ұлғайту болып табылады. 2022 жылы "Қазақанимация" 20 анимациялық жоба шығарды.

Проблемалық мәселелер

Кинематография саласында ұлттық мәдени мұраны ілгерілетудегі бәсекелестік әлеует мәселесі аса өзекті. Кино көрсету ұйымдарында мемлекеттік қаржылық қолдау алған фильмдерді ілгерілетудің теріс динамикасы байқалады. Мәселе олардың кинотеатрлар мен әлеуетті аудитория үшін тартымсыздығында.

Бұның себептері мынада:

ел өңірлерін кинофильмдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мемлекеттік кинозалдардың, мобильді жылжымалы кино қондырғылардың болмауы;

отандық және шетелдік фильмдерді мемлекеттік кинопрокаттау жүйесінің болмауы. Сонымен қатар Қазақстанда стримингтік платформалар мен онлайн-кинотеатрлар әлеуетін пайдалану нашар ұсынылған;

ел аумағына әкелінетін фильмдердің саны, оларды көрсетудің кезеңділігі мен басымдылығы бойынша бірыңғай базамен ұсынылған прокаттау қызметін мониторингілеу мен бағалаудың бірыңғай жүйесінің болмауына байланысты отандық фильмдерді прокаттау деңгейінің объективті бейнесі және кино шығару және кино прокаттау қызметінің нақты нәтижелерінің пайымы жоқ;

ақпараттық ресурстарды: подкасттарды, мәдени жаңалықтарға шолулар, нысаналы аудиторияны кеңейту үшін мәдени өмірден алынған рубрикаларды пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі.

Музей ісі

Мемлекет музейлерді елдің мәдени саясатының маңызды кластері ретінде қолдайды. Республикалық және жергілікті деңгейдегі музейлердегі музей қорларын сақтау, жаңарту, толықтыру бойынша жүйелі шаралар қабылдануда.

Әрбір музей әртүрлі қызмет түрлерін: ғылыми-қор, экспозициялық-көрме, ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру түрлерін біріктіретін көпфункционалды институт болып табылады.

Бүгінде Қазақстанда бейініне қарай әртүрлі бағыттағы 264 мемлекеттік музей (филиалдар мен бөлімшелерді қоса алғанда) жұмыс істейді, оның ішінде 9 музей және республикалық маңызы бар 12 қорық-музейі бар.

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің "Ұлттық әскери-патриоттық орталығы", "Nur Alem" Болашақ энергиясы музейі, "Атамекен" этно-мемориалдық кешені, археология институтының музейі, Қазақстанның палеолит музейі, Шымкент қаласындағы бейнелеу өнері музейі сияқты және басқа да түрлі салалардағы тақырыптық музейлер келушілердің ерекше қызығушылығын тудыруда. Музейлендірудің жаңа нысандары, ашық аспан астындағы музейлер пайда болуда, жалпы білім беру мекемелері жанынан музейлер құру тәжірибесі дамуда.

Еліміздің жетекші музейлері 46 ғылыми жобаны іске асырды, 100-ден астам ғылыми еңбек шығарды, оның ішінде этнографиялық ғылымда баламасы жоқ іргелі бес томдық ғылыми-этнографиялық энциклопедия – "Қазақтардағы этнографиялық санаттардың, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия" отандық қана емес, сонымен қатар халықаралық ғылыми қоғамдастықтың жоғары бағасына ие болды.

Музейлер музей экспонаттарының 3D модельдерінің цифрлық каталогын құру бойынша жұмыстар жүргізуде. Қазіргі уақытта 13657 музей экспонаты цифрлық форматқа, Қазақстанның 29 киелі объектісі 3D форматқа көшірілді.

Ақпараттық технологияларды енгізу музейлерді жаңғырту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыты болып табылады. Музей қорын есепке алу бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді еліміздің барлық музейлеріне кезең-кезеңімен енгізу жүргізілуде. Шетелдік музейлердің тәжірибесін қабылдай отырып, отандық музейлер виртуалды музейлерді белсенді енгізе бастады, әлеуметтік желілерде онлайн іс-шаралар өткізілді. Қазіргі уақытта виртуалды экспозициялар немесе 3D-турлар 4 республикалық музейдің, 11 облыстық тарихи-өлкетану музейінің сайттарында қолжетімді.

"Tourstat.com" туристік порталының нұсқасы бойынша Ұлттық музей мен орталық мемлекеттік музей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы (бұдан әрі – ТМД) ең үздік 5 тарихи музейдің қатарына енді.

Пандемияның әсері іс-шараларды өткізудің жаңа форматтарына ықпал етті. Қысқа мерзім ішінде әлеуметтік желілерде музейлердің белсенділігін дамытуға мүмкіндік

туды. Сонымен қатар музейлер оқшаулаудың қиындықтарын жеңу мақсатында іске қосылған көптеген арнайы іс-шараларды: ойындар, тесттер, білім беру іс-шаралары және баспасөзде жарияланған көптеген "челленджерді" әзірледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар ұлттық мәдени мұра объектілерін Ұлттық мәдени мұра объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік музейі бірнеше жыл бойы облыстық музейлермен бірлесіп, істі зерттеу және дамыту бағдарламасы және ЮНЕСКО-ның үйлестіруімен Еуропалық Одақ қаржыландыратын "Дүниежүзілік мұра желісі" жобасы шеңберінде әзірленген "Музеолог" бағдарламасымен жұмыс жүргізіп келеді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елдегі музейлер экспонаттарының саны 2615448 экспонатты құрайды. Еліміздің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне 29 музей қорынан 5058 құнды заттар енгізілді. Мемлекеттік каталогқа 115 музейден 137432 сақтау бірлігі енгізілген.

Статистикаға сәйкес 2019 жылы Қазақстанның музейлерінде 181431 экскурсия, 9496 көрме өткізілді. 2020 жылы 62762 экскурсия, 4058 көрме, 2021 жылы 125430 экскурсия, 6909 көрме өткізілді.

2019 жылы музейлерге келушілер саны 6829 мың келушіні, 2020 жылы 2351 мың келушіні құрады, бұл өткен кезеңнің көрсеткішінен 34 %-ға аз, 2021 жылы 5105 мың адамды құрады, бұл 2 есе өсудің оң динамикасын көрсетеді.

Проблемалық мәселелер

Музей ісін дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстарға қарамастан, бүгінгі таңда музей қорларын толықтыру проблемасы сақталуда.

Музей саласын цифрландыру: музей заттарын цифрландыру, бизнес-процестерді оңтайландыру, виртуалды музейлерді құру және онлайн-іс-шараларды өткізу тиімді нәтижелі менеджментті қажет етеді.

Халықтың саны мен тығыздығын, келу және ішкі туризмді белсенді дамытудың жеткіліксіздігін ескере отырып, бірқатар мемлекеттік ұйымдардың, оның ішінде республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар мәртебесіне ауыстырылған музейлердің өзін-өзі қамтамасыз етуіне көшу ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылықты арттыру қажеттіліктерімен байланысты емес. Көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту және клиентке бағдарлану процестерін жетілдіру қоғамның ақпараттық және мәдени нәтижелеріне сәйкес келетін орта мерзімді кезеңдегі өзекті міндеттер болып табылады.

Бейнелеу өнері, сәулет, дизайн

Қазақстан – тарихи және мәдени мұраға бай ел, ол еліміздің елеулі және бірегей бейнелеу, сәулет мұрасында көрініс табады. Географиялық тұрғыдан алғанда, Еуразия

құрлығының орталығында бола тұра, Қазақстан ежелгі өркениеттердің қиылысында, Еуропа мен Азия арасындағы маңызды көлік жолдарының, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да байланыстардың қиылысында болды. Әртүрлі мәдениеттердің элементтерін қабылдай отырып, дәстүрлі сәулет-көркемдік нысандарды негізге ала отырып, полиэтностық және белсенді өзгеріп отыратын тарихи контекст жағдайында дами отырып, Қазақстан сәулеті өзінің ерекше тілін дамытып, байытты.

Бейнелеу өнері – халықтың тарихын, дәстүрлері мен рухани байлығын бейнелейтін маңызды мәдени мұра. Бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнер мен дизайнды шығармашылық кластерлер ретінде қарастыра отырып, олардың өнімдерінің ерекшелігі халықтың, уақыттың және елдің көрнекі бейнесі ретінде бұқаралық санада бекітілгенін ескеру қажет. Бұл ерекшелік ұлттық мәдени брендтерді құру мен ілгерілетудің негізгі нысандарының бірі болып табылады. Қазақстанның бейнелеу өнері әлемде кеңінен танымал және өзінің қайталанбас ерекшеліктеріне ие.

Сәулет және дизайн – адам қызметінің салалары, олардың нәтижесінде адамның тіршілік ету ортасы қалыптасады, онда мәдениеттің дамуы үшін тікелей жағдайлар жасалады және анықталады. Сәулет пен дизайнды дамытудың қазіргі жағдайы әр түрлі бағыттармен сипатталады, олардың ішінде тұрақты даму: тұрақтылық, энергия тиімділігі, жайлы орта құру, сәйкестілік пен өзіндік ерекшелікті іздеу, тарихи-сәулет мұрасын сақтау, өнер синтезі, сәулет-құрылыс қызметіндегі инновациялар маңызды.

Бейнелеу өнері, сәулет және дизайн саласындағы маңызды институттар – қоғамдық кәсіби бірлестіктер, музейлер, көрме залдары, галереялар және басқалар.

Бейнелеу өнері саласын Қазақстан Республикасының Суретшілер одағы – кәсіби суретшілер мен өнертанушылардың, мүсіншілердің, графиктердің, монументалды және сәндік-қолданбалы өнер суретшілерінің, жастар бірлестіктері жұмыс істейтін халық шығармашылығы шеберлерінің қоғамдық бірлестігі ұсынады. Тіркелгендердің жалпы санын Суретшілер одағының 1192 мүшесі және оның 14 филиалы, сондай-ақ тәуелсіз заң ұйымдары құрайды.

Еліміздің 14 филиалын, сондай-ақ жобалау институттарының, ғылыми мекемелерінің және мемлекеттік сәулет органдарының бастауыш ұйымдарын қамтитын ірі шығармашылық ұйым Қазақстан Республикасының Сәулетшілер одағы болып табылады, оның жанында жастар бірлестіктері жұмыс істейді.

Дизайнерлер одағы 11 филиалды қамтиды және 650-ден астам кәсіби дизайнерлерді, сәулетшілерді, флористерді біріктіреді. Саланың негізгі қызмет түрлері пәндік, графикалық, кеңістіктік дизайн, сондай-ақ білім және ғылым саласы ретінде дизайн қызметінде сараптама жүргізу және өзара іс-қимыл бойынша зерттеу жұмыстары болып табылады.

Сәулетшілер, дизайнерлер қауымдастығы мен шығармашылық және құрылыс индустриясының өзге де өкілдерінің қызметі осы үкіметтік емес ұйымдарға қатысушылардың кәсіби өсуіне, тәжірибе алмасуына және халықаралық

байланыстарын нығайтуға ықпал етеді. Бұл ұйымдар мәдениет пен өнер саласында белсенді дамып келе жатқан шығармашылық бағыттарды білдіретін қызықты архитектурасы, бірегейлігі, концерттік алаңдары, музейлері, көрме кешендері, галереялары дамыған қалаларды дамытатын ел ретінде Қазақстанның мәдени және туристік тартымдылығын арттыруға үлес қосады.

Бейнелеу өнері саласындағы басым бағыт SCIENCE ART болып табылады, онда ғылымның соңғы жетістіктері мен жаңалықтарына негізделген қазіргі заманғы технологиялардың, жаңа материалдардың синтезі жүреді. Цифрландыру мен озық технологияларды енгізу бойынша осы бағытты дамыту үшін Қазақ ұлттық өнер университеті көркемсурет факультетінің базасында сценография мен дизайнның цифрлық және мультимедиялық технологиялары зертханасы құрылды.

Сәулетшілер мен дизайнерлердің қызметін одан әрі ынталандыруға TANU халықаралық тәуелсіз сыйлығының құрылуы ықпал етті.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 9 музей бейнелеу өнері бағытына бейінделуде, бейнелеу өнері заттарының жалпы қоры 70000-нан астам экспонатты құрайды.

Қазақстандағы бейнелеу өнері мен дизайн 8 көрме алаңында және 55 көркем галереяда ұсынылған.

Шығармашылық ортадағы маңызды қадам Алматы қаласында "AlatauCreative HUB" креативті хабының ашылуы болып табылады, оның ішінде "ArtBit" білім беру-көрме орталығы бар, онда өнер мен мәдениеттегі жаңа технологияларға, сондай-ақ Астана қаласындағы креативті алаңдарға, "FestivalAvenue" шығармашылық бірлестіктер желісіне және басқаларға баса назар аударылады.

Проблемалық мәселелер

Бүгінде жұмыстарды орындауға тапсырыс беру, музей қорлары үшін суретшілердің жұмыстарын жоспарлы түрде сатып алу, суретшілердің, сәулетшілер мен дизайнерлердің қоғамдық бірлестіктерінің шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін үй-жайлар мен алаңдар берудегі қызметін қолдау тетіктері жоқ. Білім алудан бастап іске асыруға дейінгі шығармашылық әлеуеттің үздіксіз процестерін жүзеге асыратын Өнер академиясын құру қажет.

Сондай-ақ қазіргі заманғы Қазақстанның ұлттық мәдени кодымен қалыптасатын жаһандану процестерінен туындаған бірегейлік дағдарысы байқалады. Өңірлердің аумақтық және мәдени ерекшеліктері брендке айналмаған. Жеке тұлғаның ақпараттық, мәдени қауіпсіздігінің басты шарты ретінде азаматтық бірегейлікті айқындайтын өңірлік креативтік хабтардың қызметінің дамуы төмен деңгейде.

Кітапхана ісі

Қазақстан Республикасының кітапхана желісіне мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және басқа салалар кітапханалары кіреді.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3920 кітапханада 6 миллионға жуық оқырманға немесе қазақстандықтар санының 31,5 %-на немесе елдің әрбір 3-ші

тұрғынына қызмет көрсетілді; оның ішінде балалар – 1 миллион 440 мың (оқырмандар санының 23,9 %), жастар – 1 миллион 242 мың (26,5 %); кітапханаларда құжаттарды беру 89 миллионнан астам дананы құрайды.

Еліміздің қоғамдық қолжетімді кітапханаларында 9395 адам жұмыс істейді, олардың тек 65,7 %-ның арнайы кітапхана білімі бар.

Кітапханаларды мәдени демалыс орталықтарына жаңғырту шеңберінде бастамашыл топтар мен белсенді жастарды қоғам өміріне белсенді тарту үшін коворкинг-орталықтар ("Bilim Ortalygy") жұмыс істейді. Орталықтар жастар бизнесі, шығармашылық, оқу бағдарламалары (қызығушылық клубтары, көрмелер, үйірмелер, шеберлік сыныптары, тренингтер) шеңберінде креативті жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

2018 жылда елімізде 181 коворкинг-орталық ашылды, 2022 жылы орталықтар саны 400-ден асты, яғни 2,5 есеге өсті. Орталықтарды материалдық-техникалық жарақтандыру жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатынан, сондай-ақ демеушілік көмектен жүзеге асырылады.

Жалпыға қолжетімді кітапханалар жыл сайын оқырмандар үшін 160 мыңнан астам мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізеді.

Пандемия жағдайында еліміздің кітапханалары құжаттарды электрондық жеткізуді жүзеге асыру, "kazneb.kz" – Қазақстандық ұлттық электрондық кітапханада орналастырылған кітаптардың электрондық көшірмелеріне сілтемелер беру арқылы онлайн форматта кітапхана қызметтерін ұсыну бағытында кітапхана ісін дамыту векторын өзгертті. Цифрлық коллекцияны кеңейту жақын арада Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананың маңызды міндеті болып қала береді. Бүгінгі таңда қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана қоры құжаттардың 60 мыңнан астам электрондық көшірмесін қамтиды, бұл шетелдік оқырмандар үшін қазақ әдебиетінің туындыларын қолжетімді етеді.

Балалар мен жасөспірімдер арасында оқу мәдениетін дамыту бөлігінде кітапханалар қызметін ұйымдастырудың жаңа әдістері әзірленді. Осы мақсатта 2021 жыл "Балалар әдебиеті жылы" деп жарияланды.

Балалар әдебиеті жылы шеңберінде мәдениет саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасында оқырмандарды кітапханаларға тарту және оқуды насихаттау жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті.

"Оқитын ұлт" жобасы халық арасында оқу белсенділігін арттыруға ықпал етті, оның шеңберінде әртүрлі жастағы аудиторияны тарта отырып, іс-шаралар іске асырылуда.

2022 жылы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған әдебиет тапшылығын жабу үшін арнайы кітапханаларда ел кітапханаларының қорларын, оның ішінде мемлекеттік тілде зағип және нашар көретіндер үшін жыл сайын 4 % - ға ұлғайту көзделген.

Проблемалық мәселелер

Жалпы кітапхана ісі саласында бірқатар проблемалық мәселелер бар: кітапханалардың, әсіресе ауылдық жерлерде жеткіліксіз қаржыландырылуы салдарынан материалдық-техникалық жабдықталуының төмен болуы, кітап қорының жеткіліксіз толықтырылуы, кітап қорын цифрландыру үшін жабдықтармен және компьютерлік техникамен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, жалпыға қолжетімді кітапханалар санының азаюы, соның ішінде республика бойынша өңірлерде кітапханалар желісін оңтайландыру есебінен.

Ономастика саласы

Бүгінгі таңда елімізде ономастикалық кеңістікті реттеу шаралары қолға алынған. "Atau.kz" электронды ономастика базасы жұмыс істейді. Ономастикалық кеңістікті реттеу жұмыстары жанданды. Мәселен, 2019 жылы – 6 елді мекен, 2020 жылы – 37, 2021 жылы – 23 елді мекеннің атауы өзгертілді.

Тұтастай алғанда тәуелсіздік жылдары бүкіл республика бойынша 90-ға жуық аудан, қала, облыс, 3000 жуық елді мекен, 25000 жуық құрамдас бөлік (көшелер, даңғылдар, шағын аудандар және т.б.), 150 теміржол станциясы қайта аталды (тілдік нормаларға сәйкес транскрипциясы өзгерді).

2021 жылы мәдениет саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасында ономастикалық жұмысты ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Әдістемелік ұсынымда объектілерді, елді мекендерді, көшелер мен даңғылдарды атау кезінде қолдануға арналған нақты нұсқаулар бар.

2019 жылы жалпыға ортақ тарихи сананы қалыптастыру, елде атау және қайта атау бойынша жұмысты жүзеге асыру кезінде басшылыққа алу мақсатында ономастикалық жұмыс өлшемшарттарына қосымша әдістемелік құрал ретінде "Тарихи тұлғалар" тізімі жасалды. Бұл тізім жергілікті атқарушы органдардың, зиялы қауым өкілдерінің, жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленді. 2021 жылы "Тарихи тұлғалар" тізімі кеңейтіліп, 555 адамға жетті, оны уақыт талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссия өзектілендірді.

Проблемалық мәселелер

Қазіргі уақытта елімізде біртектілік қағидаты бойынша ұлттық танымға жақын тарихи-географиялық, дәстүрлі атауларға сәйкес атауын өзгертуді талап ететін 7000-ға жуық идеологиялық ескірген атау анықталды.

Кадрлық әлеуетті дамыту және өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру

Мәдениет саласындағы кадрлық әлеуетті осы саладағы білім беру ұйымдары қамтамасыз етеді.

Негізінде мәдениет және өнер саласы үшін кадрлар даярланатын білім беру платформасының жұмыс істеуін талдау шығармашыл жастарды оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелерінің жоғары деңгейін көрсетті, бұл 2021 жылы барлық шығармашылық білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының

жоғары оқу орындарының қажет етілуінің ұлттық рейтингінде жетекші бірінші орындарды алуымен расталады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жүзеге асырылатын көркемдік-білім беру процесінде жоғары кәсіби және білікті кадрлық профессорлық-оқытушылық құрам бар. Халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес келетін кадрлық әлеуетті жаңарту жоспарлы түрде жүргізілуде.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы (грант) шеңберінде мәдениет және өнер саласында кадрлар даярлауға мемлекеттік қолдаудың өсуі байқалады.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет ЖЖОКБҰ және өнер колледждері түлектерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Осылайша, мәдениет саласындағы уәкілетті орган жоғарыда аталған түлектердің жұмысқа орналасуына талдау мен мониторингті қамтамасыз етеді, бұл еліміздің барлық өңірлерінде кадрларға деген қажеттілікті түзетуге мүмкіндік береді.

2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақ ұлттық хореография академиясында Татарстан Республикасының "Қазан мемлекеттік мәдениет институты" Федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесімен қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс басталды.

Студенттер мен оқытушылар құрамын шетелде оқу үшін жіберу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты "Aberystwythuniversity" (Ұлыбритания), "Өнер академиясы" (Латвия), Лапландия университеті (Финляндия) сияқты әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен шарттар жасалды.

Мәдениет және өнер саласында кәсіби кадрларды даярлау жөніндегі шаралардың нәтижесі олардың жоғары сіңірген еңбегін мойындау болып табылады.

Оқушыларға қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білуге мүмкіндік беретін "Ұлағатты ұрпақ" және "Оқушының мәдени нормативі" мәдени-білім беру жобаларын іске асыру басталды.

2021 жылы мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамаға түзетулер енгізілді, оның шеңберінде Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс тетігі алғаш рет енгізілді. Шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын қаржыландыру жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты іске асыру 2021 жылы басталды және "Artsport.edu.kz" цифрлық платформасы арқылы жүргізіледі.

Балалармен жұмыс істеу үшін ел өңірлерін, оның ішінде шалғайдағы ауылдық жерлерде қызметкерлермен қамтамасыз ету мүмкіндігі мақсатында осы мамандарға қойылатын біліктілік талаптарының тізімі кеңейтілді.

2021 жылдан бастап балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын және салауатты өмір салтын қамтамасыз ету мақсатында елімізде 50 шығармашылық бағыт бойынша 25000-нан астам шығармашылық үйірме ұйымдастырылды.

Еліміздің мәдениеті мен өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан еңбек сіңірген мәдениет, өнер және ғылым қайраткерлерін, дарынды тұлғаларды, Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтарын қолдау жөніндегі шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Жас талантты мәдениет және өнер қайраткерлеріне олардың кәсіби деңгейде қалыптасуына ықпал ететін беделді республикалық және халықаралық конкурстарға қатысу үшін мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықты, мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендияны, "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын, Қазақстан Республикасының өнер саласындағы Умай ұлттық сыйлығын беру маңызды қолдау шаралары болып табылады.

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 2020 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес балет әртістеріне ай сайынғы ақшалай төлемдер көзделген.

Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспар шеңберінде мәдениет және өнер саласындағы төрт отандық ЖЖОКБҰ-ның профессор-оқытушылар құрамының жалақы коэффициенті 1,75-тен 3,5-ке дейін ұлғайтылды.

Проблемалық мәселелер

Мәдениет саласын кадрлармен қамтамасыз етудің негізгі проблемалық мәселелерінің бірі – барлық түрдегі дизайнерлер, режиссерлер, аниматорлар, дирижерлер, дыбыс және жарық аппаратурасының операторлары, сценаристер, кинематография мамандары, музей және кітапхана ісі (оның ішінде реставраторлар, археологтар, антропологтар, этнологтар), шығармашылық үйірмелердің қызметі бойынша ауылдық жерлерде оқытушылар құрамының тапшылығы сияқты кәсіби кадрлардың ауысуы мен тапшылығы болып табылады.

Отбасылық, дәстүрлі, ұлттық және қоғамдық құндылықтардың өзара іс-қимылына негізделген өскелең ұрпақты мәдени-адамгершілікке тәрбиелеудің жаңа тетіктерін енгізу қажеттігі туындады.

Аталған салалардағы мамандар тапшылығының негізгі себебі жалақының төмен деңгейімен байланысты, бұл қазақстандықтардың орташа айлық номиналды жалақысынан 2 есе аз.

Үрмелі музыкалық аспаптарда ойнайтын әртістердің, би ансамблінің әртістерінің, күрделі және қауіпті жанрларда жұмыс істейтін цирк әртістерінің әлсіз әлеуметтік қорғалуы атап өтіледі.

3. Халықаралық тәжірибеге шолу

Мәдениет саласының белсенді дамып келе жатқан процестерінде елдің, қоғамның және тұлғаның мүдделері арасындағы тепе-теңдікті қолдау тұрақты және тиімді мемлекеттің мәдени саясатының ең оңтайлы қағидаты болып табылады. Қазақстан үшін әлемнің дамушы және дамыған елдерінің тәжірибесін ескеру маңызды.

Мәдениет дамуының өлшеуіне арналған индикаторлар жүйесі (ЮНЕСКО), креативті индустрияларды дамыту, "жұмсақ күш" құралдары, белсенді цифрландыру және саланың әлеуметтік-идеологиялық миссиясы бүкіл әлем бойынша мәдениет саласындағы мемлекеттік стратегиялардың біріктіруші элементтері болып табылады.

Дамыған елдердің (Еуропалық одақ, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Корея Республикасы және басқалары) тәжірибесі көрсеткендей, бүгінде мемлекеттік мәдени саясат саласындағы стратегиялық құжаттар ұлттық деңгейде іске асырылуда.

Ғылыми жұмыстың шығармашылық индустрияларға әсеріне қатысты ең озық тәжірибелердің бірі – "Дәстүрлі ирланд музыкасының архиві" ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейтін Ирландияның тәжірибесі. Оның жұмысының нәтижелері "itma.ie" кең интернет-жобасында ұсынылған. Ирландиялық музыканттардың бірнеше ғасырлардағы барлық қол жетімді ноталары, мәтіндері, аудио және бейне жазбалары қазіргі заманғы хэштегтер мен сілтемелер жүйесімен көпшілікке қол жетімді.

Бүкіл әлемде шет елдердің мемлекеттері талантты шығармашылы жастарды белсенді қолдайды. Мәселен, Германияда олар үшін көптеген мүмкіндіктер ашық және қол жетімді. Елде өнердің әртүрлі салаларында өзін көрсеткен жастарға қаржылық көмек көрсетуге дайын көптеген ұйымдар бар: біріншіден, бұл федералды және аймақтық деңгейдегі көптеген мемлекеттік ұйымдар, екіншіден, жеке және қоғамдық қорлар. Қолдау, әдетте, стипендиялар, сондай-ақ әртүрлі конкурстарда сәтті өнер көрсеткені үшін сыйлықтар мен жүлделер түрінде жүзеге асырылады. Жас таланттарды қолдауға банктер белсенді қатысады. Банктерден қаржылық қолдау алудың ең сенімді жолы – олар өткізетін көптеген конкурстарға қатысу.

Анимациялық фильмдер түсірудегі көшбасшылардың бірі – Америка Құрама Штаттары. Кинематографияның бұл саласы өте қымбат процесс. Америка Құрама Штаттарында бір сағаттық анимациялық фильм түсіру құны кем дегенде 200-300 мың долларды құрайды, осыған байланысты бұл фильмдерді жасау бойынша жетекші орындар "The Walt Disney Company" және "Pixar Animation Studios" сияқты ауқымды киностудияларға тиесілі. Демеушілердің қаражатын тартатын продюсерлер анимациялық фильмдерді қаржыландыру мәселелерімен айналысады.

Францияда кинематографты мемлекеттік қолдауды арнайы құрылған "Ұлттық кино орталығы" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады, ол фильмдерді шығару және прокаттау, кинотеатрлар желілерін кеңейту және жарактандыру, француз киносы мен аудиовизуалды өнімдерін шетелдік нарықтарда ілгерілету мәселелерін шешеді.

Францияның музейлері мен тарихи-мәдени объектілерін дамыту Мәдениет министрлігінің қамқорлығымен жұмыс істейтін "Мәдениет саласындағы өңірлік басқару" ұйымына (Regional Directorates of Cultural Affairs (RDCA) тиесілі. Кез келген жас зерттеуші немесе ерікті елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге гранттар ұтып алып, өз жобаларын жүзеге асыра алады.

Жапонияның материалдық емес мәдени мұрасын зерттеуді Азия-Тынық мұхиты өңірінің материалдық емес мәдени мұрасын зерттеу мен сақтауды үйлестіретін халықаралық материалдық емес мәдени мұраны зерттеу орталығы жүзеге асырады.

Еуропалық одақ музей коллекциялары мен тарихи құжаттарды цифрландыру үшін құрған "Europeana.eu" веб порталында 50 миллионнан астам өнер туындылары мен тарихи құжаттардың цифрлық көшірмелері орналастырылған.

Түркияда Мәдениет және туризм министрлігі <https://sanalmuze.gov.tr/> веб-сайтын ашты, онда министрлік басқаратын 16 музейге тегін баруға болады.

Халықаралық кәсіби кітапхана қауымдастығы күш-жігерді үйлестіруде және кітапханалардың тиімділігін арттыруда белсенді рөл атқарады. Сан-Антонио қаласындағы қоғамдық кітапхана (Америка Құрама Штаттары) – бұл баспа кітаптары жоқ, тек цифрлық құжаттар жинағы бар әлемдегі алғашқы кітапхана.

Әлемдік тәжірибені талдау мемлекеттің мәдениет саласындағы мүдделілігі мен сауатты құрылған саясаты әлеуметтік тұрақтылыққа, құндылықтар жүйесін және оның сабақтастығын, патриотизм мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететінін, сондай-ақ саланың инновациялық дамуын және орнықты экономикалық өсуді ынталандыратынын көрсетті.

Бұл ретте талдау негізінде мәдениет пен өнердің орнықты дамуы жүйелі тәсілді талап ететіні, шығармашылық қоғамдастықты қолдау ашық және қолжетімді ақпараттандыру негізінде жоспарлы қадамдармен іске асырылуы тиіс.

4. Мәдени саясатты дамыту пайымы

Мәдени саясат жалпыұлттық бірлікті қалыптастыру және ұлттық сананы жаңғырту құралдарының бірі болып табылады. Ол қоғамдағы мәдени өмір процестерін мемлекеттік қолдау және азаматтарды мәдениет арқылы тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі қазақстандық мәдениет ұлттың генетикалық кодының қалыптасқан тарихи-мәдени негізімен жаһандық мәдени диалогқа белсенді қатысу үшін барлық алғышарттарға ие. Ұлттың мәдени кодының негізгі компоненттері – мұра, дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер (өмір салты), мерекелер.

Қазіргі Қазақстанның мәдени дамуының маңызды векторларының бірі мәдени мұраны сақтау, зерттеу және тарату болып табылады. Мәдени мұра – бұл біздің

қоғамымыз бен мемлекетіміздің шоғырлануы мен табысты дамуының сарқылмас әлеуеті, өзінің ұлттық рәміздерін қалыптастырудың, ұлттық бірегейліктің негізін және бөтен идеологиялық ықпалдан символдық қорғалудың базалық негізі.

Дәстүрлі құндылықтарды қолдау, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ұлттың мәдени кодын рухани жаңғыртуға және нығайтуға ықпал ететін адамгершілік бағдарларды қалыптастыру және дамыту тілді дамыту, мәдени-тарихи құндылықтарды, дәстүрлерді сақтау, Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық картасын қалыптастыру, жаһандық әлемде заманауи қазақстандық мәдениетті ілгерілету, өз Отанына әлеуметтік құрмет пен сүйіспеншілік арқылы жүзеге асырылатын болады.

Құжатта мәдени инфрақұрылымды, кадрлық әлеуетті дамыту, мәдени өнімді қалыптастыру, оны ілгерілету жөніндегі түйінді оқиғалар мен іс-шаралар процесі көрсетілген.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ұлттың мәдени мұрасын тарату технологиясы мен интеграциясы ғылыми ізденістерден мәдени туризмге дейінгі қазіргі заманғы мәдени кластерлерді қалыптастырудың негізі болып табылады. Кластерлерді дамытудың катализаторы мәдени мұраны күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне, жаңа ұрпақ үшін өзекті болып табылатын жанды және үнемі дамып келе жатқан дәстүрге айналдыруға мүмкіндік беретін шығармашылық индустрия болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде ұсынылатын мәдени өнімнің жоғары сапасы қамтамасыз етіледі. Қазақстандық театрлардың репертуарына отандық авторлардың қойылымдары енгізіледі. Жас талантты мәдениет және өнер қайраткерлеріне жоғары халықаралық тануға қол жеткізуге мүмкіндік беретін қолдау қамтамасыз етіледі. Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау шаралары олардың социумға кірігуін қамтамасыз етеді.

Отандық кинематографияны, оның ішінде жеке кинокомпанияларды дамыту мен қолдаудың жүйелі шаралары жалғастырылатын болады. Жүргізіліп жатқан шаралар арқылы қысқа метражды, толық метражды, анимациялық фильмдер шығару, отандық киноөнімді шығару процесінде шетелдік тәжірибені қолдану, сондай-ақ халықаралық фестивальдер мен конкурстарда қазақстандық кинематографияны ұсыну ұлғайтылатын болады.

Мәдени-туристік объектілердің жоғары әлеуеті оң әлеуметтік және экономикалық тиімділікке қол жеткізуге қызмет етеді және ұлттық мәдени өнімнің танымал брендтерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірлердің жаңа тарихи-мәдени имиджін қалыптастырады.

Музей және кітапхана қызметі саласындағы озық цифрлық технологияларға көшумен Қазақстанда халықтың мәдени өнімге жоғары қолжетімділігі, елдің ұлттық тарихы мен өзіндік мәдениетіне халықтың қызығушылығын арттыру қамтамасыз етілетін болады. Қазақстан кітапханалары жинақталған қоғамдық білімге кең қолжетімділікті заманауи ыңғайлы форматта қамтамасыз ететін көпфункционалды

ақпараттық және бос уақыт орталықтарына айналады. Өткізілетін қызметтің нәтижелерінің бірі – еліміздің музейлері мен кітапханаларына келушілерді арттыру болады.

Шеберлер мен талантты жастарды тарта отырып, оларда іс-шаралар өткізе отырып, көрме алаңдарын құру әлемдік аренада осы салалардағы жетістіктерді ұсынуға, шығармашылық ізденістердің нәтижелерімен өзара алмасу үшін эксперименттік алаңды қалыптастыруға ықпал етеді және тұтастай алғанда елдің мәдени имиджіне оң әсер етеді.

Адами капитал, шығармашылық ресурс, жүйелі мемлекеттік қолдау және бизнес-бастамалар бәсекеге қабілетті мәдени ортаны қарқынды дамытудың берік іргетасы болуға тиіс, ол өз кезегінде мемлекет пен қоғамның экономикадағы, әлеуметтік және мәдени өмірдегі табысының басты көрсеткіші болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде 2030 жылға дейін барлық мәдениет бағытының орнықты дамуын қамтамасыз ететін еліміздегі бірыңғай мәдени кеңістік қалыптасады

5. Мәдени саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Тұжырымдаманы іске асыру мынадай қағидаттар мен тәсілдерге негізделетін болады:

- 1) жаңа институционалдық бірлестіктер, заманауи мәдени кластерлер және озық технологиялар базасындағы мәдени ортаның бірлігі;
- 2) мәдениеттің барлық бағыттарын дамытудың жүйелілігі мен кешенділігі;
- 3) мәдениеттің үдемелі дамуының тарихи сабақтастығы мен үздіксіздігі;
- 4) инклюзивтілік және әлеуметтік бағыттылық;
- 5) шығармашыл тұлғаның және мәдени өзін-өзі көрсету нысандарының бостандығы ;
- 6) инновация және креативтілік.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауы ел мәдениетін дамытуға жаңа серпін берді.

Мәдениет саласында заманауи технологияларды енгізу мәдениет саласын жаһандандырудың және мәдени коммуникациялардың жаңа нысандарын дамытудың және бүкіл елдің мәдени кеңістігін біріктірудің маңызды факторы болып табылады.

Зияткерлік ақпаратқа қол жеткізудің инновациялық нысандарын белсенді дамыту шеңберінде Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана қорын едәуір кеңейту процесі іске қосылды.

PR-ілгерілету құралдарын дамыту, қосымша аудиторияны тарту және мәдени мұраны танымал ету үшін қоғамдық пікір көшбасшыларын, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлерді тарту Қазақстанның ішкі және халықаралық

нарықтардағы мәдени әлеуеті туралы ақпарат деңгейін арттыруға, брендингті дамытуға, бірегей жергілікті мәдени өнімдерді әзірлеуге ықпал ететін болады.

Отандық мәдениетті танымал ету қазақстандық азаматтардың мәдениетке деген қажеттілігін қалыптастырып қана қоймай, жалпы саланы әлеуетті инвесторлар үшін тартымды етеді.

Тарихи-мәдени мұра

Қазақстан аумағында бүкіләлемдік мұраның бірегей ескерткіштері орналасқан. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізімінде Қазақстан Республикасынан 10 объект бар. Таяу болашақта тізімдегі Қазақстанға тиесілі объектілер санын 2025 жылға қарай 10 бірліктен 16 бірлікке дейін ұлғайту көзделіп отыр. Қазіргі таңда жаңа номинациялық құжаттар әзірленіп жатыр. Осыған байланысты Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Өзбекстан Республикалармен бірлесіп, "Ұлы Жібек жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі" сериялық трансұлттық номинациясын дайындау және ілгерілету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әлемдік үрдістерді ескере отырып, тарихи-мәдени мұра объектілерінің базасында туристік өнімдер, инфрақұрылым және брендтер құру арқылы туризмді дамыту перспективті болып көрінеді. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар республикалық қорық-музейлердің – Гаухар-Ана, Сауран, Сарайшық, Есік, Ордабасы, Ұлытау, Таңбалы, Отырар аумағында құрылған визит орталықтары құрылыстарының аяқталуы.

Қазақстандық мәдени брендтің қарқынды дамуына Қазақстанның киелі жерлері бойынша мәдени туризмді дамытуға, туристік орындарда ұлттық бренд өнімдерін сатуға бағытталған іс-шараларды өткізу ықпал ететін болады.

Туризм объектісі ретінде ашық аспан астындағы "Бозоқ" ұлттық археологиялық саябағын салу – осы бағыттағы бірінші кезекте жүзеге асырылған шара.

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын танымал етуге бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-платформалардағы ауқымды ақпараттық-насихаттық қызмет ықпал етуі тиіс.

Қазақстанның тарихи мұрасын одан әрі зерттеу және дамыту мақсатында 2023 жылы 8 жоба бойынша археологиялық жұмыстар өз мәресіне жететін болады, оның ішінде: Берел, Алтын Орда кезеңіндегі қалашықтар, Бытығай, Ботай, Бозоқ сияқты және тағы да басқа бірегей археологиялық объектілерді зерттеу. Археологиялық жұмыстармен қамтылған объектілердің саны көбейетін болады.

Ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілген республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің үлесі 2030 жылға қарай республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы санынан 40%-ға дейін артады, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Сауран археологиялық кешені, Сарайшық, Ботай қалашықтары және басқалары.

Материалдық емес мәдени мұра

Материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен дамытуды тиімді ұйымдастыру үшін ғылыми компонент күшейтілетін болады, бұл мемлекеттік құрылымдар мен жеткізуші

қоғамдастықтардың өзара іс-қимылын жүйелеуге мүмкіндік береді. Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасы гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулердің басым мамандандырылған ғылыми бағыттарының тізбесіне енеді. Бұл шара қазақстандық ғалымдар мен зерттеу топтарының назарын материалдық емес мәдени мұра бойынша ғылыми жобалар мен бағдарламаларды орындауға аударады.

Музыкалық, бейнелеу, театр және қолданбалы өнер, салт-дәстүрлер, аспаздық, мал шаруашылығы, егіншілік және тағы басқа салалардағы жаңа дәстүрлерді анықтау және қолданыстағы дәстүрлер тізілімін толықтыру бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізімін 2030 жылға қарай 20 бірлікке дейін қазақстандық мәдениеттің жаңа элементтерімен толықтыру қазақстандық материалдық емес мәдени мұра элементтерін танымал етуге және олардың адамзаттың дүниежүзілік рухани мұрасы деңгейіне шығуына, ұлттық менталитет пен бірегейлікті сақтауға ықпал ететін болады.

Республикалық деңгейдегі қоғамдастықтармен өзара іс-қимылға қатысты дәстүрлерді жеткізушілердің конкурстары, бұқаралық ақпарат құралдарында материалдық емес мәдени мұраны дәріптеу жөніндегі хабарларды тарату, осы тақырыптағы контентті ұлғайту арқылы материалдық емес мәдени мұраны дәріптеу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Материалдық емес мәдени мұра саласындағы қазақстандық және халықаралық сарапшыларды ұйымдастыру комитеттері мен қазылар алқасына тарта отырып, фестивальдер, жәрмеңкелер, конкурстар, слеттер және өзге де іс-шараларды өткізу материалдық емес мәдени мұраға қоғам назарының артуына айтарлықтай ықпал етеді.

Ел өңірлерінде шығармашылық мәдени өнімді өткізуге арналған алаңдар құруды көздейтін өңірлік жоспарлар әзірленетін болады.

Театр және музыка өнерін дамыту

Театр және концерт ұйымдарының репертуарлық саясатын қалыптастыру еліміздің театрлары мен концерттік ұйымдарының репертуарына өткен ұлттық композиторлар мен драматургтердің көптен бері орындалмаған жауһарларын енгізу және қазіргі заманғы туындылар есебінен репертуарды жаңарту жөніндегі жұмыстармен күшейтілетін болады. Ұлттық авторлардың шығармаларымен елдің барлық театрларының репертуарын ұлғайту тұжырымдаманы іске асырудың нәтижесі болады. 2030 жылға қарай Қазақстан театрларының репертуары кемінде отандық авторлардың 600 бірлікке дейінгі жаңа қойылымдарымен толықтырылады.

Ел театрларының репертуарын қазақ және отандық авторлардың спектакльдерімен толықтыру отандық композиторлар мен драматургтердің шығармаларын танымал ету және насихаттау бойынша жаңа серпін береді, көрермендердің рухани және адамгершілік тәрбиесін арттырады.

Театрлардың репертуарын жаңарту жөніндегі шаралардың бірі отандық авторлардың жаңа өнер туындыларына арналған "Dala dauusy" республикалық байқауына қатысуы болады.

Қазақстанның жетекші театрлары халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысу арқылы ұлттық опера, балет және драма өнерінің жетістіктерін әлемдік мәдени кеңістікпен біріктіретін болады. Алмасу іс-шаралары қазақстандық мәдениеттің бірегей моделін халықаралық деңгейде тануға ықпал ететін болады.

Музыка және театр өнерін халықаралық мәдени кеңістікке интеграциялауға Қазақстанда Халықаралық мюзиклдар, "Опералия" фестивалін, халықаралық фестивалін өткізу ықпал етеді. Фестивальді ұйымдастыру елімізде музыкалық өнердің осы түрін дамытуға үлкен көмек болады.

Жеке театрларды одан әрі дамытуға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік емес театр ұжымдарының қызметін қолдау жөніндегі жұмыс олардың мәдениет саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын республикалық және халықаралық театр фестивальдеріне, форумдар мен конференцияларға, оқыту курстары мен мастер-кларстарға қатысуын қамтамасыз ету жолымен жалғастырылатын болады.

"Ұлттық домбыра күні" ауқымды концерттік іс-шарасын іске асыруды жалғастыру, "Көшпенділер әуені" халықаралық этникалық музыка фестивалі мен республикалық ақындар айтысын өткізу ұлттық мәдени брендтің танымал болуына ықпал ететін болады.

Қазақстанның музыкалық мәдениетінің бай мұрасын сақтау мен дамытуға дәстүрлі және классикалық музыканың композиторлары мен орындаушыларын қолдау ықпал етеді. Оны жүзеге асыру үшін ғылыми және шығармашылық ұйымдардың өзара іс-қимылының әлемдік практикасы, қазақ халқының бай музыкалық мұрасына қол жеткізе отырып, ашық ақпараттық орта құру қолданылатын болады.

Бүкіл ел бойынша дарынды жастарды анықтауға және қолдауға бағытталған іс-шаралар жас қазақстандықтардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы маңызды аспект болады. "Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет" жобасы аясында еліміздің барлық өңірлерінен талантты жастар беделді халықаралық фестивальдер мен конкурстарға қатысу үшін жіберілетін болады.

Мәдениет пен өнердің дарынды өкілдерін Қазақстан Республикасының Умаі өнер саласындағы ұлттық сыйлығы түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары жалғастырылатын болады.

Еліміздің театр, концерттік ұйымдары сайттарының функционалдығы мен мазмұнын дамыту театр қойылымдары мен концерттік іс-шаралардың онлайн форматта қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қойылымдарды нақты уақыт режимінде таратумен қатар, бұрын түсірілген спектакльдерді көруге болады.

Өңірлерде мәдениетті дамыту мақсатында мәдениет объектілерін, оның ішінде ауылдық жерлерде мәдениет үйлерін кезең-кезеңімен салу, сондай-ақ қолданыстағы мәдениет объектілерін жөндеу көзделетін болады.

2030 жылға дейін 345 жаңа объект іске қосылып, қолданыстағы 1420 мәдениет объектісі жөнделеді. Мәдениет үйлері көпфункционалды мәдениет орталықтарына айналады, онда театрлық-концерттік көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмыс істеуімен қатар халықтың, әсіресе балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Цирк өнерінің дамуы

Цирк өнері – ерекше және эксклюзивті жанр. Көбінесе цирк өнері отбасылық және әулеттік сипатта болады. Цирк әртістерінің арқасында Қазақстан әлемнің ондаған елдерінде танылды.

Шетелдік цирк ұжымдарымен меморандумдар жасасу мүмкіндігін пысықтау арқылы цирк жанрындағы әртістердің кәсіби дамуына жағдай жасайтын шаралар қабылданады, олардың шеңберінде шеберлік сыныптарын өткізуге, кәсіби ортада тәжірибе алмасуға мүмкіндік туады.

Халықты, оның ішінде ауылдық елді мекендердің тұрғындарын цирк өнерімен қамту және қолжетімділігін арттыру шаралары көзделетін болады. Осыған байланысты цирк өнерін одан әрі дамыту және елімізде гастрольдік іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлары әзірленетін болады.

Кинематографияны дамыту

Кинематография саласын жетілдіру мақсатында Қазақстанда мүдделі тұтынушыға бағдарланған сапалы отандық киноөнімдерді шығару көлемін ұлғайтуға ықпал ететін жүйелі шаралар жүзеге асатын болады.

"Қазақфильм" киностудиясын жаңғырту шеңберінде киностудияны заманауи кино түсіру және монтаждау жабдықтарымен толық техникалық қайта жарақтандыру, жаңа түсірілім алаңын салу, инженерлік желілер мен ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ мамандандырылған көлік сатып алу жүзеге асырылатын болады. Киностудияда арнайы эффектілерді қолдана отырып, жылына 100-ге жуық кинокартина шығару мүмкіндігі пайда болады, бұл кинотеатрларға жаңа жанрда жасалған сапалы отандық контентпен ұсынылатын өнімдердің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде республикалық телеарналарда отандық фильмдерді көрсету ұлғаяды, сондай-ақ кинотеатрларда оларды көру есебінен кассалық алымдар ұлғаяды.

Бұдан басқа, киностудия барлық өндірістік әлеуетті ұсына отырып, өндірістің барлық кезеңдерін (орналасқан жері, түсірілімі, дыбысталуы, монтажы, дубляжы, тиражы және т.б.) қамтитын киножобаларды іске асыруда жеке отандық кинокомпанияларға жәрдем көрсететін болады.

Сонымен қатар "Қазақфильм" киностудиясы кино түсіру үшін қажетті қызметтердің толық техникалық кешенін және түсірілім алаңдарын ұсыну арқылы еліміздің аумағындағы түсірілімдер үшін ірі шетелдік кинокомпанияларды тартуға ықпал ететін болады.

Құрылған "Қазақанимация" шығармашылық бірлестігі жанынан шетелдік киностудиялардың өкілдерін, сондай-ақ анимациялық кино саласындағы жетекші отандық және шетелдік мамандарды шақыра отырып, шеберлік сыныптарын өткізу жалғастырылатын болады.

Шеберлік сыныптарға қатысушылар дайындық кезеңінен бастап өндіріс аяқталғанға дейін анимациялық фильмдер шығару процестеріне қатысады, бұл жас режиссерлерге, аниматор суретшілеріне және басқа мамандарға өздерінің шығармашылық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоба шеңберінде Paramount Pictures Corporation, Walt Disney Pictures сияқты киностудиялармен, Nickelodeon, TiJi телеарналарымен ынтымақтастық орнату шеңберінде қазақстандық анимациялық фильмдер мамандарын оқыту үшін жетекші шетелдік анимациялық студиялар мен телеарналардың мамандарын тарту мәселесі пысықталуда.

Отандық кино өндірушілерді мемлекеттік қолдау шеңберінде жылына кемінде 10 анимациялық және кең дистрибуцияланған фильмдердің, сондай-ақ отбасылық көруге арналған шетелдік премьералық фильмдердің дубляжы қамтамасыз етіледі.

Қазақстандық мәдени мұраны цифрлық киноколлекция форматында сақтау мақсатында жылына кемінде бес толықметражды көркем фильмді цифрландыру және реставрациялау қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ қазақстандық кино қорды ақ-қара форматтан түрлі-түсті форматқа ауыстыру мәселесі пысықталуда.

Қазақстандық мәдени өнімді өткізуге және отандық кинематографияны дамытуға қазақстандық фильмдерді стримингтік платформаларға (Netflix, YouTube, Megogo, BeeTV және басқалары) және онлайн-кинотеатрларға орналастыру мәселесін пысықтау ықпал ететін болады.

Инновациялық жүйелердің белсенді дамуына фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жұмыс ықпал ететін болады. Бұл ақпараттық жүйе бүгінгі күні өндірісті, прокатты жүйелеу үшін жетіспейтін мүмкіндіктерді ашады, фильмдерді ілгерілетудің толық тарихын бақылауға, сәтті немесе сәтсіз жобаларды анықтауға, жаңа картиналар өндірісінде алған тәжірибені қолдануға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ кинематографияда ұлттық брендті танымал етуге ірі шетелдік кинокомпанияларды тарту үшін: Шарын каньоны, Алматы таулы жерлері, Каспий теңізі, Маңғыстау облысының шөлді барханы сияқты қазақстандық бірегей табиғи ландшафтты пайдалану жөніндегі шаралар ықпал ететін болады.

Қолданыстағы "Кинематография туралы" Заңға мемлекеттік қаржылық қолдау алған фильмдерді ілгерілету және оны прокаттау, фильмге айрықша құқықтарды Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінен фильмді өндірушіге беру, оның ішінде беделді киносыялықтарда отандық фильмдерді ілгерілету жөніндегі шараларды қамтамасыз ету бөлігінде түзетулер енгізу мәселелері пысықталатын болады.

Музей ісін дамыту

Қазіргі заманғы шындықтар Қазақстан музейлерінің қызметін қайта қарауды, музей объектілерін кешенді және тиімді дамытуды және әлемдік музей практикасында болып жатқан интеграциялық процестерді, сондай-ақ инновациялық, ақпараттық, коммуникативтік технологияларды пайдалануды ескере отырып, оларда халыққа мәдени қызмет көрсету деңгейін жетілдіруді талап етеді.

Қазақстандағы музей қызметі саласында озық цифрлық технологияларға көшу жөніндегі шаралар кешенін кезең-кезеңімен іске асыру жалғастырылады. Виртуалды музейлерді құру және музей қорларын электрондық форматқа көшіру музейлердің негізгі қызметін жандандыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұл жұмысты республикалық музейлер белсенді жүргізуде, сондай-ақ өңірлік музейлер арасында осы процестердің жандануы күтілуде.

3D турлар арқылы халықтың мәдени құндылықтарға қолжетімділігін арттыру қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның бай тарихи және мәдени мұрасын сүйетіндерге музей экспозицияларын виртуалды форматта көру қолжетімді болады.

Музей қорларын тұрақты толықтыру құнды музей экспонаттарын сатып алу, археологиялық және этнографиялық, ғылыми экспедициялар барысында жинақтау қызметі, музейге сыйға беру арқылы жүзеге асырылатын болады. Қорды өнер туындыларымен толықтыру әдістерінің бірі көркемдік симпозиумдар мен пленэрлер жеңімпаздарының жұмыстарын іріктеу болады.

Музей қорларының сапалық жай-күйін талдаудың тиімділігін арттыру, музейлік маңызы бар заттарды елден тыс бақылаусыз әкетуге кедергі жасау мақсатында Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларына одан әрі өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Экспозицияларды уақтылы жаңарту музейлерге келушілерді көбірек тартуға және тұрғындардың мемлекетіміздің тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. 2030 жылға қарай музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне келу көрсеткіші 20 %-ға артады.

Музейлерге келушілер санын арттыру бойынша қосымша шаралар: көрмелер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, музей сабақтары, дәрістер және басқалар сияқты музей іс-шараларын өткізу есебінен қамтамасыз етіледі.

Келушілерді көбірек тартуға ықпал ететін маңызды іс-шаралардың бірі – Халықаралық музейлер күніне орайластырылған жыл сайынғы "Музейдегі түн" және "Музейлер шеруі" акциялары.

Республикалық және халықаралық деңгейдегі көрмелерді, экскурсияларды, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, музей сабақтарын ұйымдастыру, музей қызметіне қатысты материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау, халықтың патриотизмінің, ұлттық тарих пен мәдениетке деген қызығушылығының деңгейін арттыруға ықпал етеді. Бұдан басқа, халықаралық деңгейдегі музей жобаларын іске асыру музейлердің халықаралық кеңістіктегі мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді.

Музей ісіндегі басым бағыттардың бірі халықаралық, мәдениетаралық және музейаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі шаралар болмақ. Осыған байланысты Қазақстан музейлері әлемнің жетекші музейлерімен меморандумдар жасасу практикасын жалғастыратын болады.

Шығармашылық ортаға инвестициялар салу жолымен коммерциялық сектор өкілдерінің мүдделілігі мен өзара іс-қимылы үшін жағдай жасау мүмкіндіктері пысықталуда. Сондай-ақ музей саласын монетизациялаудың жаңа тетіктерін енгізу, оның ішінде кәдесыйларды сатудан және билеттерге сараланған тарифтерді белгілеуден бастап аукциондарды, сәндік-қолданбалы өнер аймақтарын, коворкингтерді, бос уақытты және т.б. ұйымдастыру үшін музейлердің бос алаңдарын пайдалану мүмкіндігін қарауға дейін көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту есебінен жұмыс жүргізілуде.

Бейнелеу өнері, дизайн және сәулет өнерін дамыту

Бейнелеу өнерін дамыту мақсатында Қазақстанның бейнелеу өнерін насихаттауға және дәріптеуге, сондай-ақ халықаралық аренада отандық суретшілердің жетістіктерін ілгерілетуге бағытталған шаралар кешені іске асырылатын болады.

Өнердің осы бағытын дамытудың ең маңызды құралы – суретшілер шығармашылығының тұсаукесеріне жағдай жасау.

Сонымен қатар Қазақстан суретшілерінің шығармашылық бастамаларын дамытуға жәрдемдесуге бағытталған жобалар іске асырылатын болады. Жобаны іске асыру мақсатында суретшілердің арт-симпозиумдары, пленэрлер өткізілетін болады, олардың қорытындысы бойынша музейлер қорын осы іс-шараларға қатысушылардың жұмыстарымен толықтыру жоспарланған. Шығармашылық ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар Қазақстанның бүкіл аумағында өткізілетін болады, бұл мәдени және туристік кластерлердің дамуына ықпал ететін болады.

Тұрақты негізде барлық өңірлерде отандық өндірушілердің мәдени өнімінің көрме-сатылымын өткізу үшін көрме алаңдары ұсынылатын болады.

Вебинарлар, оқыту курстары, оның ішінде онлайн-форматтағы курстар, конференциялар мен көрмелер, дизайн-интенсивтер, дизайн-марафондар және басқа да

іс-шаралар осы мәдениет салаларын қолдауға, дамытуға және одан әрі ілгерілетуге бағытталған шаралар ретінде ұйымдастырылатын болады.

Ұлттық мәдени брендті ілгерілету үшін полиграфияны, фирмалық стильдер мен белгілерді, сайттар дизайнын, сыртқы жарнамалар дизайнын, анимацияны қамтитын графикалық дизайн әдістері; жиһаз, аксессуарлар, киім және тұрмыс дизайнын, сондай-ақ арт-дизайнды, флористиканы қамтитын пәндік дизайн; сәулет стилистикасын, ландшафттарды, этнодизайнды, кеңістіктер мен үй-жайларды түспен безендіруді қамтитын кеңістіктік дизайн және т.б. пайдаланылатын болады.

Ұлттық мәдени брендті танымал етудің маңызды аспектісі Қазақстанның шығармашылық одақтарымен және қауымдастықтарымен, қоғамдық құрылымдармен және мемлекеттік ұйымдармен бірліскен іс-шаралар өткізу болады.

Қазақстандық бейнелеу өнерін халықаралық аренада танымал ету мақсатында қазақстандық суретшілер Венеция биенналесіне, Номадиялық биенналеге, "Berlin Bazaar" және қазақстандық суретшілер мен жалпы бейнелеу өнерінің кеңінен танылуына ықпал ететін басқа да іс-шараларға қатысады.

Өңірлерде шығармашылық хабтар ашу мүмкіндігі пысықталатын болады. Мәдениет және өнер мекемелерінің базасында кезең-кезеңмен коворкинг-орталықтар ұйымдастырылады.

Қазақстан өнер өкілдерінің мәдени өнімін өткізу үшін NFT және DIGITAL өнерін (цифрлық өнер) ұйымдастыру мүмкіндігі пысықталуда.

Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің барлық жанрлары мен бағыттарының қажеттілігін, танымалдылығын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында коммерциялық сектормен өзара іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін іске асыру жоспарлануда.

Қазақстандағы аукциондық қызметті реттеу мәселесі пысықталатын болады.

Кітапхана ісін дамыту

Қазіргі кітапхананың негізгі міндеті қоғамның ақпараттық мәдениетін, оқуға, тілдерге, отандық тарих пен мәдениетке тұрақты қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

Кітапхана қорларының сақталуын қамтамасыз етудің жоғары деңгейіне:

бүкіл кітапхана қорының есебін жүргізу және түгендеу, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының тізілімін жүргізу;

барлық деңгейдегі кітапханалардағы кітапхана қорларын консервациялау және қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыс;

Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананы дамытудың сапалы жаңа деңгейі; халықтың әртүрлі топтарының қажеттіліктеріне бағытталған кітапхананың цифрлық ортасын қалыптастыру арқылы қол жеткізу күтіледі.

"Оқитын ұлт" жобасы шеңберінде мақсатты аудиторияны кеңейту жалпыға қолжетімді мемлекеттік кітапханаларды "Bilim ortalygy" көпфункционалдық білім

беру-ағарту орталықтарына (коворкинг-орталықтар) трансформациялау жолымен коворкинг-орталықтар желісінің ұлғаюына ықпал ететін болады. Кітапхана ғимараттарына жөндеу жұмыстарын кезең-кезеңмен жүргізу және өңірлік кітапханалардың кітап қорларын толықтыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Көпжылдық мемлекеттік жоба форматында балалар мен жасөспірімдерді Қазақстан әдебиетін оқуға және дәріптеуге тарту бойынша "Балалар әдебиеті жылы" іс-шарасы кең ауқымда өтетін болады.

Кітап индустриясы желісін дамытудың халықаралық тәжірибесі негізінде қазақ батырлары, тарихи оқиғалар, мифология және өзекті трендтер тақырыбында ұлттық нақышпен балалар комикстерін жасау бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Бірыңғай ұлттық электрондық білім кеңістігін қалыптастыруға кешенді және жүйелі тәсілді әзірлеу, Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананы бірыңғай ұйымдастырушылық және технологиялық жүйеге дамыту және кеңейту Қазақстанның бүкіл кітапхана желісін үйлесімді біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананың "Kazneb.kz" мобильді қосымшасын Appstore және Play market-те мобильді құрылғыға жүктеу рұқсатымен енгізу қамтамасыз етіледі.

Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананың цифрлық коллекциясын кеңейту студенттерге цифрлық кітапханаларға тегін қолжетімділікке мүмкіндік береді.

Тұжырымдаманы іске асыру 2030 жылға қарай пайдаланушылар санының 20 %-ға артуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқырмандарға стационарлық жағдайда және қашықтықтан қызмет көрсету мүмкін болады, бұл ақпараттық-кітапханалық ресурстарға әртүрлі нысанда қол жеткізуге ықпал етеді.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханалар әдебиетінің қажеттілігін жабу үшін зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана қорлары, оның ішінде мемлекеттік тілдегі қорлар ұлғайтылатын болады.

Ономастика саласын дамыту

2023 – 2029 жылдары идеологиялық ескірген атауларды кезең-кезеңімен өзгерту жөніндегі іс-шаралар өткізілетін болады. 2025 жылға дейін өңірлерде шамамен 2296 идеологиялық ескірген атаулар өзгертілетін болады. 2030 жылға дейінгі мерзімде бұл көрсеткіш шамамен 6460-қа дейін ұлғаяды (2023 жылы – 756, 2024 жылы – 749, 2025 жылы – 791, 2026 жылы – 408, 2027 жылы – 408, 2028 жылы – 392, 2029 жылы – 392).

Сонымен қатар елді мекендердің атауын өзгерту кезінде мұрағаттық құжаттарға, тарихи дереккөздерге негізделген тарихи атауды қайтару мәселесін қарастыру қажет. Қазақстанның әйгілі тұлғаларының "Тарихи тұлғалар" тізімінің сапалық құрамын зерттеу, сараптамалық бағалау жоспарлануда.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар ономастикалық атауларды қайта атау кезінде ашықтық қағидатын сақтау мақсатында елді мекендердің атаулары өзгергенге

дейін кемінде жарты жыл бұрын блогерлерді, зиялы қауымды, жергілікті сала мамандарын тарта отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті. Бұл ретте географиялық объектілер, әкімшілік-аумақтық бірліктер, олардың құрамдас бөліктері атауларының біркелкілігі қағидатын сақтау үшін кез келген елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін атау және қайта атау кезінде халықтың пікірін ескеру арқылы қанағаттану дәрежесін ұлғайту көзделеді.

Кадрлық әлеуетті дамыту және өскелең ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу

2022 жылы Қазақстанда "Оқушының мәдени нормативі" республикалық мәдени-білім беру жобасы енгізілді.

Концерттік және көрме іс-шараларына қатысу, опералық, балеттік, драмалық спектакльдердің, қазақстандық және шетелдік кинофильмдердің, мультфильмдердің үздік үлгілерін көру арқылы өнердің барлық түрлерімен толыққанды таныстыру барысында оқушылардың көпмәдениетті тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы мәдени-білім беру кеңістігін қайта құруға бағытталған оқушының мәдени нормативі шеңберіндегі іс-шаралардың барлық кешені жүзеге асырылады. Жобаға қатысу оқушыларға қосымша гуманитарлық білім алуға, рухани және шығармашылық ойлауды дамытуға, мәдениетті құрметтеу мен эстетикалық қабылдауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәдениет саласын дамытудың маңызды құрамдас бөлігі өскелең ұрпақты ұлттық мәдени игілікке баулу болып табылады. Осы мақсатта балалардың шығармашылығын дамытуды одан әрі қолдау шаралары іске асырылатын болады.

Тұжырымдаманы іске асыру барысында жан басына қаржыландыру шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық үйірмелермен кезең-кезеңімен қамту жалғасады. Шығармашылық үйірмелердің жұмыс істеуімен қатар, балалар театр труппалары мен студияларын ашу жұмыстары жалғасады. Еліміздің өңірлерінде осы балалар мен жасөспірімдер ұжымдарының қатысуымен шығармашылық фестивальдер мен конкурстар өткізу дәстүрі жалғасын таппақ.

Өскелең ұрпақты рухани дамыту және патриоттық сезімі мен дәстүрлі құндылықтарға деген құрметін тәрбиелеу міндеттеріне қол жеткізу үшін балалардың Қазақстанның театрлары мен музейлеріне ай сайын баруын көздейтін "Театрдағы күн" және "Музейдегі күн" жобалары жүзеге асырылатын болады. Театр сабақтарының іске асырылуы өскелең ұрпақтың шығармашылық дағдыларын кеңейтуге ықпал етеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға сәтті интеграциялау үшін инклюзивті топты осы топтағы балалардың қатысуымен спектакльдер қоюға оқытуға бағытталған жоба іске асырылатын болады.

Жаңа Қазақстанның қалыптасуы аясында алғаш рет өнер ЖЖОКБҰ-да (бастапқыда Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесінде) ТМД елдерінің мәдениет

және өнер саласындағы жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық нәтижесінде қос дипломды білім беру бағдарламасы іске асырылатын болады.

Шығармашылық ЖЖОКБҰ шетелдік кәсіби және білім беру тәжірибесін зерделеуге және енгізуге ықпал ететін студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильді бағдарламаларын дамытатын болады.

Бұдан басқа, жыл сайын ЖЖОКБҰ дарынды студенттеріне мемлекет Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын бөлуді жалғастыратын болады.

Жас таланттарды, мәдениет және өнер қайраткерлерін анықтау және қолдау мақсатында халықаралық форматтағы конкурстарды, фестивальдерді өткізу көзделеді. Жергілікті атқарушы органдар облыстар әкімдерінің сыйлықақыларын беру түріндегі көтермелеу жүйесі көзделеді.

Мәдениет пен өнердің дарынды өкілдерін, оның ішінде дарынды жастарды қолдаудың және ынталандырудың пәрменді әдісі Мемлекеттік сыйлықтар беру болып табылады. Шығармашылық ұжымдар мен талантты орындаушылар жұмысының жоғары уәждемесін "Халық" және "Үлгілі" атақтары қалыптастырады.

Мәдениет саласындағы мамандардың кадрлық тапшылығы мәселелерін шешу мақсатында сұранысы жоғары мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсететін мәдениет ұйымдарының, оның ішінде ауылдық жерлердегі қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын кеңейту балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін іске асыруда балаларды көбірек қамтуға ықпал етеді.

Кәсібінің өзіндік ерекшеліктері бар мемлекеттік мәдениет ұйымдары жұмыскерлеріне кезең-кезеңмен әлеуметтік қолдау көрсету мүмкіндігі қарастырылатын болады.

6. Тұжырымдаманың нысаналы индикаторлары мен күтілетін нәтижелері

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясатын дамытудың мақсаты елдің біріңғай мәдени кеңестігін құру болып табылады.

Тұжырымдаманы іске асыру мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) халық үшін мәдениеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 2) қазақстандық өнердің халықаралық аренадағы танымалдылығын арттыру;
- 3) тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ету және оны халықаралық деңгейде танымал ету.

Мақсат пен міндеттерді іске асыру үшін мынадай нысаналы индикаторлар белгіленеді:

- 1) мәдениет саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 80%-ға дейін ұлғайту;

2) отандық авторлардың театрлық қойылымдарының санын 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 600 бірлікке дейін ұлғайту;

3) музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне (республикалық маңызы бар) келуді 2019 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 20 %-ға арттыру;

4) кітапханаларға келуді 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 20 %-ға ұлғайту;

5) ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра объектілерінің санын 2025 жылға қарай 16 бірлікке дейін ұлғайту (2025 жылы – 6);

6) ғылыми реставрациялау жұмыстары жүргізілген республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің үлесін республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы санынан 2030 жылға қарай 40 %-ға дейін ұлғайту;

7) кино айналымындағы отандық фильмдердің, оның ішінде анимациялық фильмдердің үлесін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 35 %-ға дейін ұлғайту;

8) елдегі жалпы кино айналымындағы қазақ тіліндегі фильмдердің үлесін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 30 %-ға дейін ұлғайту.

Күтілетін нәтижелер:

Халық үшін, оның ішінде цифрлық форматта мәдениетке қолжетімділікті қамтамасыз ету;

елдің тарихи-мәдени мұрасының сақталуы және халықаралық деңгейде танымал ету ;

халықаралық аренада, оның ішінде ұлттық брендті дамыту арқылы қазақстандық өнердің танымалдығын арттыру;

дарынды жастарды анықтау, қолдау және ілгерілету жөніндегі шараларды іске асыру;

өңірлерде мәдени инфрақұрылымды және ономастикалық жұмысты дамыту деңгейін арттыру.

Тұжырымдаманы басым тәртіппен іске асыру кезінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаражат тиісті саланың ұлттық жобаларында көрсетілген индикаторларға/көрсеткіштерге қол жеткізуге бөлінеді.

Басқа іс-шараларға қаражат экономиканың дамуын және бюджеттің кіріс базасын ұлғайту әлеуетін ескере отырып бөлінетін болады.

Ескертпе:

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс шаралар осы Тұжырымдамаға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы мәдениет саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Реформалар/негізгі іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
I-бағыт. Мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету				
<p>I-нысаналы индикатор</p> <p>Мәдениет саласындағы көрсетілетін қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 80 %-ға дейін ұлғайту (2023 жылы – 74 %, 2024 жылы – 75 %, 2025 жылы – 76 %, 2026 жылы – 77 %, 2027 жылы – 78 %, 2028 жылы – 79 %, 2029 жылы – 80 %)</p>				
1.	<p>Балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу (оның ішінде " Оқушының мәдени нормативі" және " Ұлағатты ұрпақ" мәдени-білім беру жобалары, " Театрдағы күн", " Музейдегі күн" жобалары, Астана Опера театрының балалар студиясының жұмысы, одан әрі балалар мен жасөспірімдерді жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде шығармашылық үйірмелермен кезең кезеңімен қамту және басқалар)</p>	" іс-шаралар, " жобалар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ, ОАМ
	Қазақстандық мәдениетті, оның ішінде халықаралық			

2.	денгейде қолдауға және танымал етуге бағытталған мәдени-сауықтық, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізу (оның ішінде "Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет" жобасы, республикалық ақындар айтысы, "Опералия" халықаралық фестивалі және т.б.)	іс-шаралар, фестивальдер, конкурстар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
3.	Мәдениет пен өнер саласындағы жас таланттарды анықтауға және қолдауға бағытталған іс шараларды, оның ішінде халықаралық фестивальдерді өткізу (оның ішінде "Dala dauusy" республикалық конкурсы, "Astana Piano Passion" жас пианиношылар республикалық конкурсы және т.б.)	іс-шаралар, фестивальдер, конкурстар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
4.	Мәдениет пен өнердің дарынды өкілдерін қолдау шараларын қамтамасыз ету (оның ішінде Өнер саласындағы "Umai" ұлттық сыйлығы, Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығы, мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын тағайындау, сондай-ақ мамандықтың	мемлекеттік және әлеуметтік қолдау шаралары	2023 – 2029 жылдардың	МСМ, ЖАО

	өзіндік ерекшеліктері бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шараларын кезең-кезеңімен көрсету мүмкіндігін қарастыру және басқалар)		4-тоқсаны	
5.	Ұлттық мәдени бренд пен шығармашылық индустрияны танымал етуге бағытталған іс-шараларды өткізу (оның ішінде "Ұлттық домбыра күні" жобасы, "Көшпенділер әуені" халықаралық этникалық музыка фестивалі, ашық аспан астындағы "Бозоқ" музейлердің құрылысы, Қазақстанның киелі жерлерін танымал ету, ұлттық бояуды қолдана отырып, графикалық, пәндік, кеңістіктік дизайн әдістерін қолдану, бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-платформа арқылы ақпараттық-насихаттау қызметін күшейту және т.б.)	іс-шаралар, жобалар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
6.	Бейнелеу өнері, дизайн, сәулет және т.б. салаларды дамыту үшін жағдай жасау және іс-шараларды өткізу (оның ішінде алаңдар мен үй-жайларды ұсыну,	іс-шаралар, жобалар	2023 – 2029 жылдардың	ЖАО, МСМ

	бірлескен жобаларды іске асыру және т. б.)		4-тоқсаны	
7.	Мәдениет және өнер қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын, шеберлік сыныптарын өткізу, тәжірибе алмасу	сертификаттар, дипломдар, куәліктер	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
8.	Әлемнің жетекші оқу орындарымен мәдениет және өнер саласындағы қазақстандық ЖЖОКБҰ қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру	келісім, меморандум	2023 – 2029 жылдардың 3-тоқсаны	МСМ, ҒЖБМ, ЖЖОКБҰ (келісу бойынша)
9.	Халықтың отандық мәдениет өнімін қабылдауын, мәдениет және өнер саласындағы қызметтер сапасына қанағаттану деңгейін мониторингітеу үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу	талдамалық баяндама (есеп)	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
10.	Мәдениет объектілерін салу, жөндеу, жаңғырту, жаңа мәдениет ұйымдарын, оның ішінде ауылдық жерлерде құру, сондай-ақ жұмыс орындарын құру	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, ЕХӘҚМ
11.	Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО
12.	Мәдениет үйлерінің әлеуетін кеңейту және мәдениет пен өнердің, оның ішінде балаларға арналған	мәдениет объектілеріне	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ

	көпфункционалды орталықтар ретінде одан әрі дамыту	қолжетімділігін кеңейту		
13.	Мәдениет ұйымдарында коворкинг-орталықтар мен шығармашылық хабтарды ашу мәселесін пысықтау	коворкинг-орталықтар мен шығармашылық хабтар	2023 жылғы 4-тоқсан	ЖАО, МСМ
2-нысаналы индикатор				
Отандық авторлардың жаңа театрлық қойылымдарының санын 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 600 бірлікке дейін ұлғайту (2023 жылы – 245, 2024 жылы – 307, 2025 жылы – 369, 2026 жылы – 431, 2027 жылы – 493, 2028 жылы – 555, 2029 жылы – 600)				
14.	Жаңа өнер туындыларын жасауға бағытталған фестивальдер мен конкурстар өткізу	жаңа шығармалар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО
15.	Еліміздегі театрлардың сайттары мен әлеуметтік желілері арқылы халықтың театр өнері туындыларын қолжетімділігін кеңейту	көру санын арттыру	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
3-нысаналы индикатор				
Музейлер мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне келуді 2019 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 20 %-ға ұлғайту (2023 жылы – 2 %, 2024 жылы – 5 %, 2025 жылы – 8 %, 2026 жылы – 11 %, 2027 жылы – 14 %, 2028 жылы – 17 %, 2029 жылы – 20 %)				
16.	Музей қорларын кезең-кезеңімен толықтыру	қабылдау-өткізу актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО
17.	Жаңа форматтағы көрмелерді ұйымдастыру және өткізу арқылы музей қызметін насихаттау	көрмелер, экспозициялар, іс-шаралар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО
18.	Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша музей жобаларын әзірлеу және іске асыру	семинарлар, дәрістер, экскурсиялар	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО
19.	Музей заттарын цифрландыру арқылы музей ісінде цифрлық		2023 – 2029 жылдардың	МСМ, ЖАО

	технологияларды дамыту	музей заттарының электрондық (цифрлық) нұсқасы	4-тоқсаны	
20.	Тарихи-мәдени мұра объектілерін музейлендіру және қорық-музейлер экспозициясын кезең-кезеңімен жаңарту	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ
21.	Республикалық қорық-музейлері (оның ішінде Гаухар-Ана, Сарайшық, Есік, Ордабасы) аумағында визит-орталықтар салу	пайдалануға беру актісі	2023 жылғы 4-тоқсан	МСМ
4-нысаналы индикатор				
Кітапханаларға келушілер санын 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 20 %-ға арттыру (2023 жылы – 2 %, 2024 жылы – 5 %, 2025 жылы – 8 %, 2026 жылы – 11 %, 2027 жылы – 14 %, 2028 жылы – 17 %, 2029 жылы – 20 %)				
22.	Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электрондық каталогын құру, "kazneb.kz" мобильді қосымшасын енгізу, сондай-ақ бірыңғай электронды кітапхана картасы мен биллинг жүйесін енгізу арқылы Қазақстанның Ұлттық электрондық кітапханасын жетілдіру және өзгерту	кітапханалардың электронды каталогы, электронды кітапхана картасы, биллингтік жүйе	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО
23.	Халықтың цифрлық кітапханаларға тегін қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхананың цифрлық	қабылдау-өткізу актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО

	коллекциясын кеңейту			
24.	Кітапханалар базасында коворкинг орталықтарын ашу арқылы кітапханаларды мәдени және демалысты дамыту орталықтарына кезең-кезеңімен жаңғырту	коворкинг-орталықтар	2023 – 2029 жылдардың 3-4 тоқсандары	ЖАО, МСМ
25.	Өскелең ұрпақ арасында кітап оқуды насихаттау бойынша шаралар кешенін іске асыру	оқу аудиторияның санын ұлғайту	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	ЖАО, МСМ, ОАМ
26.	Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған, оның ішінде мемлекеттік тілдегі кітапханалар қорын ұлғайту	қабылдау-өткізу актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО

II бағыт. Қазақстанның ұлттық мәдени мұрасы мен тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дамыту

5-нысаналы индикатор

2025 жылға қарай ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра нысандарының санын 16 бірлікке дейін ұлғайту (2025 жылы – 6)

27.	ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра комитетінің сессиясында Қазақстанның номинациялық құжатын қорғау	ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра комитетінің шешімі	2025 жылғы 3-тоқсан	МСМ
28.	ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұра объектілері тізіміне номинациялау туралы сертификат беру	номинациялау сертификаты	2025 жылғы 4-тоқсан	МСМ
29.	Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын дамыту және сақтау жөніндегі шараларды одан әрі қамтамасыз ету (ғылыми-зерттеу, ғылыми-реставраци	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ, ЖАО

	я л ы қ , археологиялық және б а с қ а да жұмыстарды жүргізу)			
6-нысаналы индикатор				
Ғылыми реставрациялау жұмыстары жүргізілген республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің үлесін республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы санынан 2030 жылға қарай 40 %-ға дейін арттыру (2023 жылы – 16 % , 2024 жылы – 20 % , 2025 жылы – 24 % , 2026 жылы – 28 % , 2027 жылы – 32 % , 2028 жылы – 36 % , 2029 жылы – 40 %)				
30.	Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми-жобалық құжаттаманы әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
31.	Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің ғылыми-реставрациялық жұмыстарын жүзеге асыру	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
7-нысаналы индикатор				
Отандық фильмдердің, оның ішінде анимациялық фильмдердің кинопрокат үлесін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 35 %-ға дейін арттыру (2023 жылы – 18 % , 2024 жылы – 21 % , 2025 жылы – 25 % , 2026 жылы – 28 % , 2027 жылы – 30 % , 2028 жылы – 32 % , 2029 жылы – 35 %)				
32.	"Шәкен Айманов атындағы Қазақфильм" киностудиясын жаңғырту	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы 4-тоқсан	МСМ
33.	"Қазақанимация" шығармашылық бірлестігінің анимациялық фильмдері жасау қызметі бойынша жұмысты ұйымдастыру, шеберлік сыныптарын өткізу	анимациялық жобалар, шеберлік сыныптары	2023 – 2024 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
34.	Кемінде 10 жаңа отандық анимациялық фильм жасау	анимациялық жобалар	2023 жылғы 4-тоқсан	МСМ
	Отандық кинокомпанияларға			

35.	киножобаларды іске асыруда, соның ішінде "Қазақфильм" киностудиясына өндірістік базалар беру арқылы қолдау көрсету	шарттар, орындалған жұмыс актілері	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
36..	Ұлттық мәдени мұраны цифрлық фильмдер жинағы түрінде сақтау (цифрландыру, реставрация)	орындалған жұмыстар актісі	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
37.	Мәдениет үйлерінде кешенді мемлекеттік-жекеменшік кинопрокатты және отандық және шетелдік фильмдерді көрсетуді ұйымдастыру үшін жағдай жасау мақсатында проекциялық жабдықты, жылжымалы кинотеатрларды сатып алу мәселелерін пысықтау	талдамалық баяндама	2023 жылғы 3-тоқсан	ЖАО
38.	Халықты ұлттық және отандық киноөнімдерімен қамтуды арттыру мақсатында мемлекеттік қаржылық қолдау алған фильмдерді стримингтік платформалар мен онлайн кинотеатрларға орналастыру	келісім, шарт	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
	Мемлекеттік қаржылық қолдау алған фильмдерді ілгерілету және прокаттау, фильмнің айрықша құқықтарын Қазақстан Республикасы		2023 жылғы	

39.	Мәдениет және спорт министрлігінен фильмді шығарулыға беру бөлігінде қолданыстағы "Кинематография туралы" Заңға түзетулер енгізу мәселесін пысықтау	талдамалық анықтама	2-тоқсан	МСМ
8-нысаналы индикатор Елдегі жалпы кинопрокаттағы қазақ тіліндегі фильмдердің үлесін 2022 жылғы деңгейден 2030 жылға қарай 30 %-ға дейін арттыру (2023 жылы – 16 %, 2024 жылы – 18 %, 2025 жылы – 20 %, 2026 жылы – 22 %, 2027 жылы – 25 %, 2028 жылы – 28 %, 2029 жылы – 30 %)				
40.	Қазақ тілінде отандық фильмдер жасау	жаңа фильмдерді прокаттау	2023 – 2029 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ
41.	Қазақ тіліне дубляждалған фильмдер санын көбейту	шарт	2023 – 2025 жылдардың 4-тоқсаны	МСМ

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының ғылыми және жоғары білім министрлігі

ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

ОАМ – Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігі

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы